№10 (295).
10 сәуір,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы





АСТАНА ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІ ОДАН ӘРІ НЫҒАЙТУҒА НИЕТТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасы Президентінің арнаулы өкілі – Президент Әкімшілігінің басшысы Кан Хун Шикті қабылдады. Мемлекет басшысы Корея Республикасы Қазақстанның негізгі стратегиялық серіктестерінің бірі саналатынына назар аударып, екіжақты ықпалдастық қарқынына жоғары баға берді.

Президент Қазақстанның корей халқына және Корея Республикасының даму деңгейіне құрметпен қарайтынын атап өтіп, Астана екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кан Хун Шиктің арнаулы өкіл ретінде елімізге жасаған сапарының маңыздылығына тоқталды және Корея Республикасының Президенті Ли Чжэ Мёңге ыстық лебізін жолдады.

– Сіздің сапарыңыз қазақ-корей ықпалдастығын одан әрі нығайту тұрғысынан өте маңызды. Бірлескен күш-жігердің арқасында елдеріміздің ынтымақтастығы арта түсетініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Кан Хун Шик қонақжайлық танытқаны үшін ризашылық білдіріп, Қазақстанның жаңа Конституциясын қабылдау бойынша референдумның табысты өтуіне орай Президент Ли Чжэ Мёңнің құттықтауын жеткізді.

Арнаулы өкіл Корея Республикасының сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды күшейту, сондай-ақ түрлі салада бірлескен жобаларды іске асыру арқылы өзара қарым-қатынасты мүлдем жаңа деңгейге шығаруға айрықша маңыз артатынын мәлімдеді.

Әңгімелесу барысында екіжақты күн тәртібіндегі көптеген мәселе, соның ішінде жаһандық нарықтағы қазіргі сын-қатерлерге байланысты энергетика, көлік-логистика салаларында ықпалдастық аясын кеңейту перспективасы талқыланды.

Кездесу соңында Кан Хун Шик Президент Ли Чжэ Мёңнің Қазақстан Президентін Корея Республикасына сапармен келуге және биыл қыркүйек айында Сеулде өтетін «Орталық Азия – Корея Республикасы» саммитіне қатысуға шақыратынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Корея көшбасшысының шақыруын ықыласпен қабыл алды. Мемлекет басшысы жоғары деңгейде өтетін алдағы келіссөздер екі ел ынтымақтастығын жандандырып, Орталық Азия – Корея Республикасы форматындағы ықпалдастықты арттыруға оң септігін тигізетініне сенім білдірді.

Akorda.kz

ЖАҢҒЫРҒАН ТҮРКІСТАН – БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ БЕСІГІ

Тәуелсіздік талаптары ұлттық идентификациялану мен ұлттық бірегейлік проблемаларын шынайы шындық тұрғысында бағалап, пайымдаудың зәрулігін туындатып отыр. Автор «Түрік әлемі және Түркістан» атты көлемді кітап дайындау үстінде. Осы тұрғыдан келгенде қаламгер Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың еңбектеріндегі халқымыздың рухани жаңғыруына орайлас тұжырымдарды негізге алып отырды.

Кітапта Тәуелсіздік жылдарында түрік әлемінің рухани астанасы – ежелгі Түркістанның өсіп-өркендеуі, жаңғырып, гүлденуі баяндалады. Ерекше мәртебеге ие болған қасиетті шаһардың облыс орталығы ретіндегі даму бағыттары ой елегінен өткізіледі. Сондай-ақ еңбекте Қазақстан мен Түркия бауырластығы, түрік әлемінің жекелеген тұлғалары тұрғысында ғылыми-публицистикалық жазбалар назар аударады. Кітапта мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыру, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту бағытында кең өріс алған ауқымды шаралар нақты көрініс тапқан. Тәуелсіздік құрдасы – ерекше мәртебеге ие болған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тыныс-тіршілігі жөнінде де кеңінен сөз болады. Алдағы уақытта кітаптан үзінділер бере бастаймыз.

3-бетте »



Жамбыл деген
жай атым,
Халық менің
шын атым.
Жамбыл
ЖАБАЕВ



Жамбыл Жабаев қазақтың қос батыры Бауыржан Момышұлы және Мәлік Ғабдуллинмен бірге.

АЛАТАУДАН БАСТАЛЫП, АДАМЗАТ ЖҮРЕГІНЕ ЖЕТКЕН ЖАМБЫЛ ЖЫРЫ

Жамбылға жаңаша көзқарас қажет деген пікірмен толықтай келісуге болады. Өйткені бүгінгі күнге дейін көпшілік Жамбыл Жабаевты негізінен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы арнау жырларымен, кеңестік кезеңнің саяси-идеологиялық поэзиясымен кеңінен танып келді. Бұл – Жамбыл мұрасының бір ғана қыры. Ал шын мәнінде Жамбылдың шығармашылық әлемі бұдан әлдеқайда кең, терең әрі көпқабатты құбылыс.

Жамбыл – XX ғасырда өмір сүргенімен, рухани тамыры ғасырлар қойнауындағы жыраулық дәстүрге барып тірелетін тұлға. Ол – жыршылық пен айтыскерлікті, эпикалық дәстүр мен лирикалық толғанысты, халықтық философия мен заманалық ойды бойына тоғыстырған сирек құбылыс. Сондықтан Жамбылды тек кеңестік дәуірдің ақыны ретінде қарастыру – оның тарихи-әдеби болмысын тар шеңберге сыйғызу, жыраулық феноменін жалаң түсіндіру болып табылады.

Жамбылдың «шығысы» дегенде біз оның тек географиялық ықпалын ғана емес, мәдени-рухани бағдарын, поэтикалық дәстүрін, дүниетанымдық қайнарларын түсінуіміз керек. Ол Қорқыттан, Асан Қайғыдан, Бұқар жыраудан бастау алған жыраулық мектептің соңғы ірі өкілі ретінде дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы алтын көпір болды. Оның жырлары – көшпелі өркениеттің философиясы, халықтың тарихи жадын сақтаған эпикалық код, ұлттың рухани психологиясын айқындайтын поэтикалық феномен.

4-бетте »

● ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

БАЛЫҚ БАСЫНАН СУИДЫ

Халық аузында мақал-мәтелге айналып кеткен сөздің соңғы жағын «суиды» деген сөзбен жұмсартып айтып отырғанымыз этиканы сақтау деп түсінген дұрыс болар.

Биыл Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымының аудандық, облыстық жергілікті ұйымдарының есеп беру-сайлау жұмыстары жүріп жатыр. Жайшылықта айқайсыз өтіп жататын конференциялар әдеттен тыс арыз-шағымдармен, наразылық көңіл-күймен өтіп, әлеуметтік желіде әділдік іздеген ардагерлер тобының арыз-шағымдары біздің газеттің редакциясына қардай жауып кетті. «Әділет» деген газеттен әділдік іздеп келдік» деген бірнеше аудан ардагерлерінің шағымдарының мазмұныменен танысып, орын алған олқылықтардың себебін анықтау үшін газет тілшілері конференцияларға қатысып, сұхбат алып, шындық пен жалғандықтың арасын ашып көрсету үшін біраз жұмыс атқаруға мәжбүр болды.



Әлеуметтік желілен алынды

«Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» деген халық мақалының растығына көз жеткіздік. Сөздің тоқ етерін айтқанда, наразылықпен жазылған хаттар мазмұны Түркістан облысы ардагерлер ұйымының төрағасы Жеңісбек Мәуленқұловтың аталған қызметте 17-18 жыл отырып, «таза қолды» жұмыс атқармағаны, ардагерлер төрағасын таңдап сайлау конференция делегаттарының құзырында екенін мүлде ұмытып, өзімбілермендікке салынып, дөрекі мінез танытып, сыбайлас таныстықпен таңдау жасап, еріктіеріксіз делегаттар ұсынысын табанға тастап, асқандық танытқанын ашынып жазған хаттары шындыққа айналғанына көз жеткіздік. Содан кейін хат мазмұнынан өрбіген пікірлерді екшей келіп, газетте «Шыңғырып тұрған шындыққа көңіл бөлсеңіз» атты республика ардагерлер ұйымының төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетовтің назарына ұсынылған мақала жарық көрді. Төрағадан жауап күттік. Бірақ селт еткен жанды көрмедік, жауап естімедік.

Әлеуметтік желіден төрағаның тілшімен тілдескенде танытқан «дөрекі» мінезін көріп, жағамызды ұстадық. Мемлекеттік қызметтің биік сатысында жүрген азаматтың депутаттық этиканы сақтамай, баспасөз жайлы заңның басына тепкендей мінез-құлық танытуы, Ж. Мәуленқұловтан жайдары мінез, жақсы қылық көрінбейтініне арызданған азаматтардың шындық айтып шырқырағанына сенуге тура келді. Оның тарапынан болған дөрекілік пен дөң айбатты тілшілер көріп-біліп, видео жазбаға жазып та үлгеріпті. Төраға Жеңісбек Мәуленқұловпен тілдесіп, мән-жайды анықтауға деген тілшілер тілегіне де «мінез» танытты. Осындай бетімен кеткен берекесіздік орын алып жатқанда, Түркістандағы көп құрметтің бірі төрағаның төсіне орден болып қадалды. Асқанға тосқан бола ма деген зиялы ардагерлердің үміті үзіліп, ай дейтін ажа, қой дейтін қожайын табылмай, әділдік әдірем қалып тұр.

Түркістан облысының ардагерлер ұйымының есеп беру-сайлау конференциясына Бақтықожа Ізмұхамбетовтің келіп қатысуы қажет-ақ болып тұрған сияқты. Ұйымның ұнжырғасы түсіп тұрғанда, аталық сөз айтып, дұрыс шешім қабылдай ма деген үміт оты өшпегенін аңғардық.

Бірақ өткен жылдардың бірінде Түркістанда өткен республика ардагерлердің кезекті көшпелі жиынында Жеңісбек Мәуленқұлов өнер сүйетіндігін танытып, жиылған қауымға Бақтықожа бастығының балалық шақтағы махаббат хикаясын спектакль етіп көрсетіп, жағынудың жаңа түрімен танылып, елдің есінде қалғанын ескерсек, оған ризашылық білдіріп, мәз мейрам болып, гитарасымен ән шырқап, саяси жиынды сайқымазаққа айналдырғанын өзіңіз де көрдіңіз, оны таспаға жазып алған редакция тілшілері бұл жолы да өнер көрсетіп кетер ме екен деген ойға қалып отыр. Бұл жерден екі төрағаның, Бәкең мен Жекеңнің көңіл жықпас сыбайластық сырластығын аңғарамыз да, ардагерлердің айқай көтеріп, арызданулары жөні бар екен деген шешімге келдік.

Ж. Мәуленқұлов мәңгілік төраға болудан үміті үзбей, ашуды ақылға жеңдіріп, халық қаласа «Хан түйесін сояды» деген халық мақалын қаперіне алып шешім қабылдаудың орнына, аудандардағы ардагерлерге сауға айтып, өзін қолдауға қол жинап жатқанынан да хабардар болып отырмыз. Бұл әрекетінен «сырдың суы сирағымнан келмейді» деген өлермендік үміттің жетегінде жүргені, жылдар бойы жинақтаған жағымпаздық мінезі бастықтың балағына жығылып, тағы да сексеннің сеңгірінде ойын сауығын жалғастыра бермек әрекетте жүр.

Мемлекет басшысы «Ардагерлер біздің алтын қорымыз, еліміздің тыныштығы мен берекесін келтіретін, өмірлік жинақтаған тәжірибесін жас ұрпаққа өнеге етіп қалдыратын, жастарға сенім артатын зиялы қауым» деген еді. Осы сенімді ақтауға, ар намысты таза сақтауға, жана Қазақстанның жарқын болашағына қызмет етуден жалықпайтын ардагерлердің барлығына көңіл тоқтатамыз.

Редакция алқасынан

adilet-gazeti.kz

МАРАТ ТӘЖИННІҢ МЫҚТЫЛЫҒЫ РЕСЕЙ ЕЛШІСІНІҢ ҚАРСЫЛЫҒЫ



Бүгін М.Тәжиннің туған күні.

“С. Б.: М. Тәжин дипломатия саласына келмей тұрып жоғары лауазымды қызметтер атқарғанын білесіздер. Түрлі жиындарда оның орыс тілінде сөйлеп жүргенін көретінмін. Ол министр болып тағайындалды дегенде «министрліктегі қазақ тілі тағы кері кете ме екен» деп күдіктендім. Дегенмен жаңа министр күдігімді өз іс-әрекетімен сейілте білді. Қазақша сөйлеп, баяндамаларының денін ана тілінде жасай бастады.

Осыған орай, министрге Астанадағы елшіліктерге ноталарды қазақ тілінде жазсақ деген ұсынысымды білдірдім. Өйткені басқа елдер нота жазысуда өз мемлекеттік тілдерін қолданады.

Министр бұл ойымды қолдап, елшіліктерге ноталар қазақша кетті. Оған Ресейдің Қазақстандағы елшісі Михайл Бочарников қарсы болды. Дипломатиялық корпустың сол кездегі дуайені (елшілердің ішіндегі стажы ең үлкені басшы болып таңдалады) Түрікменстан елшісі арқылы біздің министрлікке наразылық нотасы келіпті.

Онда өздерінің министрліктің бұл шешімімен келіспейтіндігін, өйткені көптеген елшілікте қазақ тілін оқи алмайтынын, соған байланысты бұрынғыдай ноталарды орыс тілінде жазып жіберуі керектігін айтыпты.

Бұл нотаны көрген соң менің көңілім су сепкендей басылды. Себебі Мәскеу не айтса, соны үнсіз атқарып үйренген басшылық мұндай наразылықты көргенде жалт бұрылып, құжаттарды қайта орыс тілінде жазатын шығар деп ойладым. М. Тәжинге хабарласып едім, ол «ноталарды қазақ тілінде қалдырамыз» деді. Және дуайенге мемлекеттік қазақ тілінде жауап хат жазды. Онда «барлық әлем елдерінде қабылданған халықаралық тәжірибеге сай, іс-қағаз сол елдің мемлекеттік тілінде жүреді, Конституция бойынша Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Ал кімде-кім қазақша оқуға мүмкіндігі болмаса, тәртіп бойынша аудармашы жалдасын» деп жазылған.

Сөйтіп, біз артқа шегінген жоқпыз, министр де өз ұстанымында берік тұрды. Міне, осылай дипломатиядағы негізгі хат алмасу нотасы мемлекеттік тіл – қазақша шыға бастады. Осыған байланысты бізде істейтін орыстілді жас дипломаттар қазақ тілін үйрену курстарына көңіл бөле бастады.

Содан мен Эстония, Латвия, Әзербайжан, Өзбекстан, Түркия, Сауд Арабиясы және басқа да елшіліктерден жоғарыда аталған наразылық нотаға қатысы бар ма? – деп сұрадым. Олар нотаға қол қоймағанын, халықаралық тәртіп бойынша аудармашы алып жұмыс істеп жатқанын айтты. Түркіменстан елшісімен кездесіп: «біздің мемлекеттігімізді қолдағанның орнына, бұларың не?» – дегенде ол: «қайдан білейік, Ресейдің елшісі келіп, басқа елшіліктермен келістім, орыс тілінде жазсын, – деп талап қояйық дегеніне сеніп қалдым», – дейді.

Бірақ Ресей елшісінің бұл айласы мен қарсылығы іске асқан жоқ. Біздің министр азаматтық танытып, оның ойын жүзеге асырмады. Міне, Марат Мұханбетқазыұлы – осылай еңбек атқарып, өз қолтаңбасын қалдырған министрдің бірі”.

Үзінді Сайлау Батырша-ұлы ағамызбен бірге жазған “Тәуелсіздік жолындағы дипломатия” кітабынан алынды

Түркістан облысында әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын арттыру және ауыл шаруашылығын жүйелі дамыту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Осы бағыттағы бастамалардың басы-қасында жүрген өңір басшылығының бірі – облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков. Оның жетекшілігімен қолға алынған жобалар мен нақты тапсырмалар аймақтың дамуына серпін беріп отыр.



ӨҢІРДЕГІ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР: ТҰРАШБЕКОВТІҢ ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТЫНДЫРЫМДЫ ТІРЛІКТЕРІ



ӘЛЕУМЕТТІК ТӘУЕЛДІЛІКТІ АЗАЙТУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Өңірдегі өзекті мәселелердің бірі – халықтың жәрдемақыға тәуелділігін төмендету. Бұл бағытта «Цифрлық отбасы картасы» арқылы әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар анықталып, нақты санаттарға бөлінген. Атап айтқанда, «D» және «Е» санаттарына кіретін азаматтарды қолдаумен қатар, оларды еңбекке тарту негізгі мақсат ретінде белгіленген.

Нұрбол Тұрашбековтің төрағалығымен өткен мәжілісте осы санаттағы азаматтардың тұрақты жұмысқа орналасуына кедергі келтіретін себептер талқыланды. Белгілі болғандай, олардың көпшілігінде несие берешегі бар, есепшоттары бұғатталған. Соның салдарынан олар тұрақты жұмыстан гөрі күнделікті табысты таңдайды.

Осы мәселені шешу үшін:

- банк өкілдерімен несиелерді қайта құрылымдау бойынша келіссөздер жүргізілуде;
- жұмысқа қабілетті азаматтарға жеңілдетілген несие беру қарастырылуда;
- кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, бизнес-жоспар әзірлеу және құжаттандыруға көмек көрсетілуде.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы кәсіпке бейім азаматтарды анықтап, оларды табыс көзіне айналдыру – негізгі құралдардың бірі. Әрбір ашылған кәсіп жаңа жұмыс орны екені ескеріліп, алынған қаражаттың мақсатты жұмсалуы да тұрақты бақылауда.

Жалпы, қабылданған шаралардың нәтижесінде өңірде кедейлік деңгейін жыл соңына дейін 2,7 пайызға төмендету көзделіп отыр. Бұл – нақты жоспар мен жүйелі жұмыстың нәтижесі болмақ.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР

Түркістан облысы – аграрлық аймақ. Сондықтан су ресурстарын тиімді пайдалану мен егіс алқаптарын оңтайландыру – басты назарда.

Нұрбол Тұрашбековтің қатысуымен өткен жиында суғару маусымына дайындық, су тапшылығы және оны үнемдеу мәселелері кеңінен талқыланды. Атап айтқанда:

- Шардара ауданында күріш көлемі қысқартылып, суды аз қажет ететін дақылдар үлесі арттырылуда;
- жүгері егістігі ұлғайтылып, ауыл шаруашылығы әртараптандырылуда;
- Жетісай мен Мақтаарал аудандарында тамшылатып суару технологиясы енгізілуде.

Бұл шаралар суды үнемдеумен қатар, өнімділікті арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, су пайдаланудағы қарыз мәселесі де назардан тыс қалмаған. Әр шаруаның жауапкершілігін арттыру арқылы жалпы жүйенің тұрақтылығы қамтамасыз етілмек.

ХАЛЫҚПЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС – АШЫҚ БАСҚАРУ КӨРІНІСІ

Облыс тұрғындарының мәселелерін тікелей тыңдау – Нұрбол Тұрашбеков жұмысының маңызды бөлігі. Азаматтарды жеке қабылдау барысында жерді заңдастыру, мемлекеттік қолдау алу, ауыл шаруашылығы мәселелері сияқты өзекті сұрақтар көтерілді.

Әрбір өтініш назарға алынып, жауапты басқармаларға нақты тапсырмалар берілді. Бұл – билік пен халық арасындағы байланысты нығайтып, сенімді арттыруға бағытталған қадам.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОРҒАУ: ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

Өңірдегі егін шаруашылығына қауіп төндіретін факторлардың бірі – шегіртке зиянкестері. Осыған байланысты арнайы іс-шара жоспары бекітіліп, дайындық жұмыстары жүргізілуде.

65 секторға бөлінген аумақтарда фитосанитариялық бақылау күшейтілді. Мамандардың болжамынша, кей аймақтарда зиянкестер саны азайғанымен, таралу аумағы кеңеюі мүмкін.

Нұрбол Тұрашбеков бұл бағытта:

- жұмыстардың уақытылы орындалуын;
- жауапты мамандардың дайындығын;
- қауіпсіздік шараларының сақталуын қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Химиялық өңдеу жұмыстары сәуір айының екінші онкүндігінде басталады деп жоспарланып отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы алғанда, Нұрбол Тұрашбековтың қызметі өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған нақты әрі жүйелі қадамдармен ерекшеленеді. Әлеуметтік тәуелділікті азайту, кәсіпкерлікті дамыту, ауыл шаруашылығын жаңғырту және халықпен ашық диалог орнату – оның жұмысындағы басты басымдықтар.

Бүгінде Түркістан облысында жүзеге асырылып жатқан бұл бастамалар тек ағымдағы мәселелерді шешіп қана қоймай, өңірдің ұзақ мерзімді дамуына берік негіз қалыптастыруда. Тиімді басқару, нақты жоспар және жауапкершілік – аймақтың тұрақты дамуының кепілі екені анық.

«Әділет - ақпарат».

МҰҚАҒАЛИМЕН ҚОШТАСУ

(Сол бір сурет)

Былтыр әлеуметтік желіде ерекше бір сурет жарияланды. Бұрын да жарыққа шыққан болуы мүмкін. Бірақ көзімізге түскені осы. Жетісулық зиялы азамат Елеусіз Ахметкерімұлының парақшасынан ұшырастырдық. Мақаласын қоса ұсынған. Автор бұл суретті ұзақ жыл сақтап келіпті. Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевты ақтық сапарға аттандыру сәті. Елдің алдында арыстай болып алпамсадай Мұқаң жатыр. Бет-жүзі ашық. Сол заманның салты. Жетпіс алтыншы жылғы наурыздың соңғы күндерінің бірі.



Арыстан жал ақын Әбділдә Тәжібаев өзін қадір тұтқан інісінің жанына кеп, азасөзін айтып тұр. Ақша бұлт қонған ақ басын төмен салған Әбу Сәрсенбаевтың қапалы көңіл-күйі де айқын аңғарылады. Алпыс жетідегі Әбділда мен жетпістегі Әбудің маңайынан қырық бірдегі Тұманбайды, отыздағы Шөмішбайды көріп отырмыз. Әріректегі Төлен Қаупынбаев пен оң жақ қанаттағы Бексұлтан Нұржекеевті де танидық.

Ал сол жақ шеттегі жас жігіттің КазГУ-дің журналистика факультетінің төртінші курс студенті Ұлықбек Есдәулет екенін білдік. Осыған орай Ұлықбек аға былай дейді: «Мұқаңды әкетіп бара жатқандарға ілесіп, мен де денені көтерістім. Ақынның салмағы ауырлап кеткендей көрінді. Сол күні дала мидай батпақ болып, иленіп жатты. Қабір басына жеткенше әбден сілікпеміз шықты. Шайырды шығарып салуға біраз студенттер келді. Менімен бірге Қанеш Қанафин деген курстасым да жүрді. Осы суретте оның да бейнесі бар».

Ұлықбек ағамның жанында Мұқаңның суретін ұстап тұрған жас жігіт назар аудартпай қоймайды. Оның дерегін Елеусіз ағаның мақаласына жазылған комментарийлер легінен таптық. Ішкі істер саласында ұзақ жыл қызмет істеген Несіпбек Нұрғалиев деген азамат көрінеді. Жұртшылықтың пікіріне қарағанда, жыр жазып, ән салатын сал-сері болғанға ұқсайды.

Суретті кім түсіргені туралы нақты мәліметіміз жоқ. Бұл жөнінде Елеусіз ағамыз да ешнәрсе жазбапты. Ол кісінің қолында жүргеніне қарағанда өзі жақсы білетін фототілшілердің бірі түсірген болуы мүмкін.

Сөйтіп, қалың елдің алдында, қара жердің үстінде қасқиып жатқан қайран Мұқаң сол күні:

Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Ал бірақ өлтіре алмас өлеңді ешкім! –

деді де ақтық сапарына аттанды. Ұзамайақ оның даңқы аспандап, қазақ даласын шарлап кетті. Өміршең өлеңдері өртеңге өскен гүлдердей қаптап, бүкіл буынның қолында жүрді. Біз оқуға түскенде атақты ақынның өмірден өткеніне небәрі бес-ақ жыл болған еді. Күллі Алматы Мұқағали жырымен тыныстап тұрды. Өлеңге таласы бар студенттің бәрі Кеңсайға барып, ақынның қабіріне тағзым етіп қайтатын. Әсіресе ширыққан шайырлар «Түкірдім сенің бетіңе, жұқана күйбің, Басына барып қайтайын Мұқағалидың!», – деп тау беткейіне тартып отыратын. Түн ортасынан ауғанда «Өмір-өзенді» жастанып жататын. Ол дәуірде Мұқаңның жырын жатқа білмейтін қыз-жігіттер жоқтың қасы. Мыңдаған жас өскінді айналасына жіпсіз байлаған Мұқағали культі осылай басталған-ды.

Ал бұл кезде мәңгілік мекенін тапқан Мақатаевқа осынау бас айналдырар атақ-даңқтың құны көк тиын еді. Ол өзі тірісінде-ақ дүниенің баянсыздығын анық ұқты. Ұқты да көндікті. Көндікті де:

Өлім, өлім, өлім деп,
Неғыламыз күрсініп,
Өлген адам көмілмек,
Тірі адамға – тіршілік.
Өлім, өлім, өлім деп,
Өкінеміз несіне.
Өлген адам көмілмек,
Тірі адамға – несібе, –

деп жер басып жүрген жұмыр басты пенделерге батасын беріп кете барды. Сонымен қатар кеудесіне кір шалдырған күллі жұртқа деген мысқылын да аңғартып өткендей сезіледі...

* * *

Биыл Мұқағалидың туғанына тоқсан бес жыл толды!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ЖАҢҒЫРҒАН ТҮРКІСТАН – БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ БЕСІГІ



Сейдулла САДЫҚОВ,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, университет ардагерлер кеңесінің төрағасы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Түріктердің Атажұрты тербейді

Қасиетті Түркістанның 1500 жылдық торқалы тойы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өткен сол күндер. Жұмыр жерде түріктік рухтың оянып, оның асқақтау шегіне аяқ басып тұрғанын әрбір зерделі адам жан жүрегімен сезгендей. Жаңа ғасыр қарсаңындағы қазанның үшінші онкүндігінің басы. Түркістан шаһары танымастай түрленіп, сән-салтанат құшағына бөленді. Зәулім құрылыстар бой түзеген. Көше, тротуарлар ретке келтірілген. Мерекелік безендірулерден бас айналғандай. Бұрын қараусыз қалып келген жүдеу қаланың шат-шадыман шаттығын тілмен айтып жеткізу қиын еді. Әлемнің түпкір-түпкірінен ағылып келіп жатқан ежелгі түріктер ұрпақтарына Атажұртта айқара ашылған ыстық құшақ, қашан да ақжарқын қаймана қазақтың кең пейілі. Қаладағы Есімхан алаңы той дүрмегінің төріне айналған. Қол созым жерде Қожа Ахмет Ясауи бабаның күмбезді кесенесі асқақтай көрінеді. Ұлы той-думанның шалқар шаттығына, сән-салтанатына бөленіп, сапырылысқан халық нөпірі толастар емес. Тәуелсіз Қазақ еліне, Атажұртқа келген шетелдік меймандар мен үкіметтік делегация басшыларының шоғыры мен мұндалап тұрды. Қасиетті қаланың жасарып-жаңғыруында, өсіп-өркендеуінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің өзіндік орны бар еді. Білім ордасы Тәуелсіздік символына, Қазақстан мен Түркия достастығының, білім мен мәдениетінің алтын бесігіне айналды. Университет Қазақстан ғана емес, Орта Азиядағы ең ірі оқу орындарының қатарына қосылды. Рухани астана – Түркістанда шаңырақ көтерген түрік халықтарының ортақ оқу орны – Халықаралық университеттің қабырғасынан түлеп ұшқан жастардың халықтар ынтымағы, береке-бірлігі жолында қызмет етіп, бірігу кезеңі аяқталып келе жатқан түрік дүниесін қалыптастыруға лайықты үлес қосатындықтарына күмән жоқ. Университеттің шаңырақ көтергеніне де отыз бес жылға қадам басты. Бұл жылдар оңайға түскен жоқ, қаншама қажыр-қайрат, күш-қуат жұмсалды. Нәтиже айқын. Қасиетті Түркістан төрінде еліміздегі бірден бір Халықаралық университет күллі түрік әлеміне шуақты нұрын шашып тұр!

Бәрі де былай басталған болатын

Күллі түрік халықтарының рухани астанасы қасиетті Түркістанда ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауидың есімі берілген Түркістан Мемлекеттік университетіне бір жылға жуық уақыт өткенде, яғни 1992 жылғы сәуір айында Түркияның сол кездегі Премьер-министрі, ал кейіннен Президенті болған Сүлейман Демирел Түркістанға бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің кесенесіне зиярат етуге келді. Бұдан үш ай бұрын Мұрат Жұрынұлы Түркияда болып, Анкарада С.Демирелдің бас кеңесшісі Намық Кемал Зейбекпен кездескен болатын.

– Өзіңіз жақында Түркістанда болып қайттыңыз, – деді Мұрат Жұрынұлы. – Қазір сол қалада бабамыздың атын қойып тұрып, университет аштық. Егер сол университет Алматыда, Анкарада немесе Ташкентте орналасқан болса, оның мұншалықты мәні болмас еді. Тарихтан белгілі, түріктердің ең осал жері – олардың басын қосу қиын. Келешек ғасырда түрік бірлігін белгілейтін қазіргі жастар болады. Сондықтан, ұлы бабамыз Ясауидің мекені болған Түркістанның қасиетін пайдалана отырып, университетті ортақ оқу орнына айналдырайық. Онда күллі түрік дүниесінің түкпір-түкпірінен келген ең талапты балаларын оқытайық. Түрік әлемінің келешегі соларға байланысты... Сондықтан ортақ рухани астанамызда орналасып, ортақ ұлы бабамыздың атын алған университет екі елге ортақ – Халықаралық қазақ-түрік университеті біздің халықтарымыз үшін бұл бір тарихи құбылыс болар еді.

– Бұл ойыңызды мен толық құптаймын, – деді бірден Зейбек. Ол М.Жұрынұлының ойын одан әрі дамыта отырып, өзі де түрік әсіресе «Атажұрт» деп аталатын Қазақстанмен достастықты дамытуды армандап жүрген азамат екенін, бұл мәселені Сүлейман Демирелдің алдына қоятынын, ол кісіні ортақ Халықаралық қазақ-түрік университетін ашуға көндіретінін айтты. Күллі түрік дүниесінің ынтымағы, бауырластығы жолында неше түрлі қиындықтарды жеңіп, адал қызмет етіп жүрген Намық Кемал Зейбекпен бірінші кездесуі осылай болды. Сонымен Түркияның Премьер-министрі Сүлейман Демирел мен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылғы 30 сәуірде Түркістанға атбасын тіреді.

Қазақстан мен Түркия басшыларының қасиетті қалаға бұл сапары қарсаңында Мұрат Жұрынұлы Сарыағаштағы курортта демалып жатқан Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбековпен жолығып, Президент Нұрсұлтан Назарбаев университеттің түрік халықтарының ортақ Халықаралық қазақ-түрік университеті болып өзгеруіне қалай қарайтынын біліп берсеңіз жақсы болар еді деп өтініш еткен еді. Ол кісі уәдесін берген болатын. Осы сапарда С.Демирелмен бірге келген Премьер-министрдің Бас кеңесшісі Зейбек бір орайы келгенде сөзінде тұрғанын, С.Демирелдің Халықаралық қазақ-түрік университетін ашу жөніндегі идеяны қуана қарсы алғанын айтты. Ал М.Жолдасбеков Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл ұсынысты қолдағанын жеткізді.

Қазақстан Президенті мен Түркия Премьер-Министрін қарсы алғандар негізінен университет студенттері еді. Қызылды-жасылды транспоранттар алыстан көз тартып тұрды. Қазіргі Қазыбек би көшесінің екі қапталында оларға студенттер қошемет көрсетті. Облыс және қала әкімшілігі жасаған сапар бағдарламасында ол кісілердің университетке келуі жоқ болатын. Қос елдің басшыларына еріп жүрген сол кездегі облыс әкімі Марс Үркімбаев «Сапарының бекітілген жоспарын бұзатын болдыңыз ғой» – деді.

Ұлы бабамыздың кесенесіне зиярат етіп болған соң М.Үркімбаевты іздетті. Қасындағы қала әкімі Б.Қадырбеков Мұрат Жұрынұлына:

– Арманыңа жеттің. Ал, енді күтіп алуға дайынсың ба? – деді ренжулі кейіппен. Университет ұжымы бұл кездесуге алдын ала мұқият әзірленген еді. Сонымен, қонақтар Керуен-сарайда түстенген соң университетке келді. Бұл естен кетпес тарихи оқиға болды.

Мұрат Жұрынұлының жүрек толғанысында шек болған жоқ. Әлі есінде, түрік халықтарының бірлігі жөніндегі жан-толғанысын айта келе, ұлы бабаның есімін алған, баршаға ортақ рухани астанада орналасқан университет енді Халықаралық қазақ-түрік университетінің мәртебесіне ие болса деген мәселеге тоқталды. Осы басқосуда университет студенттері түрікше өлеңдер айтып қонақтармен түрікше сөйлесті. Қонақтар дән риза болды. Университетке Халықаралық мәртебе беру жөніндегі жоба қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде әрқайсысы бес данадан алдын ала жасалып қойылған болатын.

Республикалық газеттерде Түркістан Мемлекеттік университетіне Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мәртебесі берілгендігі жөнінде хабар жарық ете қалды. Осылайша Түркістан қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы Келісімге қол жетті.

Ұзамай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу министрінің бірінші орынбасары Виктор Трофимович Корольков пен университет ректоры Мұрат Жұрынұлы екеуі Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы екі министрлік арасында Келісім-шарттың жобасын дайындау мақсатымен Түркияға барды. Бұл құжаттарды жасау оңайға түскен жоқ. Қос мемлекет үшін де оның маңызы орасан зор еді. Онда негізінен университетті басқару туралы, университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту және университеттің дамуы мәселесі қаралды. 1992 жылдың 25 қыркүйегінде Анкара қаласында түрік, қазақ және орыс тілдерінде бірдей күші бар үш данадан жасалған осы келісім-шартқа Түркия жағынан Білім беру министрлігінің бөлім меңгерушісі Айтоған Атаунал мен Жоғары білім жөніндегі Кеңес төрағасының орынбасары Уйгур Тазабей, Қазақстан жағынан Оқу министрінің бірінші орынбасары Виктор Трофимович Корольков пен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры ретінде Мұрат Жұрынұлы қол қойды. Халықаралық қазақ-түрік университетінің тұңғыш президенттігіне екі жақ Үкіметтерінің келісімімен тағайындалу құрметі мен бақытына Мұрат Жұрынұлы ие болды.

Кезінде осылайша дүниеге келген Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысына сәйкес құрамы 10 кісіден тұратын Үкіметаралық Өкілетті Кеңес құрылды. Оның 5-еуі Қазақстан Республикасы және 5-еуі Түркия Республикасы тарапынан, осы орган университетке жалпы басшылық жасайтын болды.

Қасиетті Түркістан топырағына қадам басқан М.Жұрынұлының жүрегі арманға толы еді. Оның жатса-тұрса ойлайтыны – осынау шағын шаһарды жасартып, жаңғыртуға, гүлдендіріп, көркейтуге үлес қосу. Білім ордасы шаңырақ көтерген сол алғашқы жылдары жобалау институтымен келісім-шартқа отырып, университет қалашығының жобасын жасатты. Мұнсыз оқу орнының болашағын көз алдына елестетудің өзі бос қиял екенін сезінді. Әу баста бөлінген техникум-училищелердің оқу корпустары мен жатақханаларының жылдар өте келе университетке тұрақты қоныс болуға тарлық ететіні, тіпті тозығы жетіп, пайдалануға жарамсыз болып қалатыны түсінікті еді. Сондықтан да ең бірінші кезекте студенттер қалашығын соғу міндеті өз-өзінен туындаған болатын.

Мұрат Жұрынұлы университет қалашығын соқтыруды ойластырғанда көне қаланың даңқына сай оның өзіндік нақышымен бой көтеруін басты мақсат етті. Білім ордасы Халықаралық статусқа ие болған соң бұл іске Түркия Үкіметі үлкен ықыласпен кірісті. Сөйтіп, 1995 жылы түркиялық құрылысшылар қалашық құрылысын бастады.

Алғашқы адымдар

Еліміз тәуелсіздігінің отыз бес жылға жуық мерзімі ішінде киелі Түркістанның ұлы қасиеті жандана түсуде, бүгінгідей изгілікті істер белең алуда. Бұрын артта қалған ауданның орталығы ғана болып келген шағын шаһар қазір мәдени орталықтары көз тартатын жасыл желекті, көшелері сәнді, келбеті көрікті қалаға айналып келеді. Қасиетті қаланың жасарып-жаңғыруына, өсіп-өркендеуіне Қазақ елі тәуелсіздігі қарсаңында дүниеге келген Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше рөл атқарып отыр десек, артық айтқандық емес.

... Тоқсан бірінші жылдың басы. Университет ашу мәселесі сол кезде Шымкент облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде талқыланып жатты. Бюро мүшелерінің көпшілігі қуана құптап, қолдау білдірді. Бірен-саран лауазымды адамдар қарсы болды. Сол кездегі жағдайлар ауқымында оларды да түсінуге болар еді. Өйткені Түркістан қаласы әлеуметтік-экономикалық жағынан тұралап қалған елді мекендердің бірінен саналатын. Оқу орнының болашағын көзге елестетудің өзі қиын еді. Бұл бір тақыр жерге егін еккенмен бірдей тірлік болатын.

Университет ашылғанда облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Сергей Терещенко бірде ректор Мұрат Жұрынұлына әңгіме арасында:

– Университетте өзіңнен басқа ғылым докторлары бола ма? Шыныңды айтшы, ең болмаса бес ғылым докторын жинай аласың ба? – деп, белден баса отырып, бастырмалата сұрақтарды жаудырды да, – Әй, қайдам, одан асырсаң, қалпағымды шешіп, үстелге қоямын, – деді күмәнін жасыра алмастан.

Мұрат Жұрынұлы сонда ай соңынан ай өткен сайын қасиетті Түркістан топырағындағы білім ордасында бес емес, одан да көп ғылым докторының қызмет ететінін сыпайылап отырып жеткізген. Кейіннен, әр кездескен сайын оның қойған сауалы мен берген уәдесін есіне салып, ғылым докторының бестен асқанын, оңға жуықтағанын, кейінгі уақытта он беске жеткенін айтумен болды.

– Сен өзің қалпағыңды үстелге қоятын кезің келді деп тұрсың ғой, ә, – деді Сергей Терещенко бірде қарқылдап күліп. – Саған дауа жоқ екен! Қалпағын үстелге қойды деп есептерсің енді...

Айтып-айтпай не керек, оқу орны шаңырақ көтерген тарихи игі іске халқымыздың жанашыр азаматтары бір кісідей атсалысты. Сол кездегі Республика Білім министрі Ш.Шаяхметов, бұрынғы облыс басшылары С.Терещенко, З.Тұрысбеков, Түркістан, Кентау қалаларының бұрынғы басшылары – Н.Балхияев, С.Бекбосынов, Шымкент облысындағы барлық аудандардың басшылары, Шымкент қаласының басшылары А.Тшанов, Қ.Төлеметов нақты көмек көрсетті. Жан-жақтан құрылыс материалдары ағылып, университет оқытушы-профессорларына арналған соңғы үлгідегі кең де жарық, жайлы коттеджде бой көтере бастаған еді. Сол үйлерге Алматы, Шымкент қалалары мен Өзбекстаннан, Монғолиядан, өзге де елдерден бекем бел буып, біржолата келген атақты профессорлар қоныстана бастады. Олардың алғашқылары химия ғылымдарың докторы, профессор, университеттің алғашқы вице-президенті Бекен Жаңабаев, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Арсылан Ищанов, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Болат Байтанаев, химия ғылымдарының кандидаты, доцент Әскер Есалиев еді. Көп ұзамай-ақ бұл шағын топқа белгілі ірі ғалымдар келіп қосыла бастады: ғылым докторлары, профессорлар Әбдуәлі Баешов, ҚР ҰҒА корр-мүшесі профессор Рахманқұл Бердібай, профессорлар Мекемтас Мырзахметұлы, Ермек Бекмұратов, Сайлаубек Шалқаров, Төлтай Байтелиев, Төкен Ағдарбеков, Сейтқали Мадуанов, Мініс Әбілтайн, Равиль Вахидов, Қазақстанның халық әртісі Райымбек Сейтметов, экономист-ғалым Бораш Мырзалиев, журналист-ғалым Сейдулла Садықов және тағы басқалар.

Аталған ғалымдардың көкейіне университеттің қаз тұруына, лайықты дәрежеге жетуіне нық сенім ұялатқан, қаншама шаршап-шалдықса да азаматтық энтузиазмның туын асқақтата көтерілеріне дем берген туған елге, жерге деген шексіз құрмет пен сүйіспеншілік болды. Білім ордасы бой көтерген алғашқы жылдары отыратын кабинеттердің жетіспегенін немесе жабдықталмағанын айтпағанның өзінде қат-қабат проблемалар моральдық жағынан да көлденеңдеп тұрып алған-ды. Орыс тілді газеттер қазақ жеріндегі шағын қалада ашылған университетке езулерін білей отырып, жауша тиісе жөнелсін. Мәскеудегі орталықтың «Известия» газетінде «Аудан орталығындағы ағарту университеті» деген тақырыппен жарық көрген мақаланың астарында оқу орнының болашағына күдікпен қарау, астамшылық пиғылдағы кекесін жатқан болатын. Ол ол ма, тырнақ астынан кір іздеуге кіріскен, сол мақсатпен таяз болжамдарын ортаға салып, теріс мәліметтер таратуға тырысқан орыс тілді отандық басылымдар да болды. Мысалы, республикалық «Казахстанская правда» газеті тоқсан екінші жылы наурыздағы сандарының бірінде К. деген азаматтың «Болашағы жоқ университет» деген мақаласын жариялады. Мұндай материалдың түп-төркінінде үлкен іске құлшына кіріскен жандардың жігерін құм етуге тырысып, мұқату пиғылдары жатқаны айдан анық еді. Өмір – мәңгілік күрес. Бар ғұмырын ғылым-білім жолына арнауды мұрат тұтқан Мұрат Жұрынұлы мұны жақсы білетін. Қандай күреске болмасын шыдауға, қасқая қарсы шабуға белін бекем буған.

Талапкерлерді қабылдау кешеуілдеп басталуына қарамастан талантты жастар студенттер қатарына қабылданды. Алғашқы жылдың өзінде абитуриенттерден түскен өтініштер бойынша конкурс республика көлемінде ең жоғары деңгейде болды. Мәселен, белгіленген 300 орынға құжат тапсырған алтын белгі иегерлерінің саны 500-ден асып кетті. Осының нәтижесінде білім деңгейі жоғары, ынталы жастар университеттің алғашқы студенттері болып қабылданды.

Алғашқы кезеңде тұрмыстық жағдайлардың қиыншылығына қарамастан университеттің оқытушы-профессорлары оқу процесін қамтамасыз ету, университет деңгейі талабына сай жоғары дәрежелі мамандар даярлау жолында аянбай жұмыс істеп, іскерліктерін танытты. Олардың негізі бір жыл жатақханада жатты.

Университетке көршілес республикалар мен шетелдерден көрнекті мемлекет қайраткерлері, ірі ғалымдар, мәртебелі меймандар келе бастады. Университет мәртебесі биіктеп, атақ-даңқы асқақтай түсті. Оқу ордасы түрік халықтарының тұңғыш білім ордасына айналды.

Түркістанда шаңырақ көтерген білім ордасының алғашқы қадамдары оңайға түскен жоқ. Бұл жөнінде бізге сонау бір жылдары университетті құрудың басы-қасында болған, ауыртпалықтарға қасқая қарсы тұра білген әріптес ағаларымыз тебіреніс-толғаныс құшағында отырып, баяндаған болатын. Ол кісілердің негізі дүниеден өтіп кетті. Жандары жаннатта болғай! Енді университеттің отыз бес жылдығы қарсаңында осынау тамаша жандардың естелік-жазбаларын қалың оқырман назарына ұсынып отыруды жөн көрдік.

Сондай абзал жандардың бірі, сексеннің сеңгіріне шығып отырған білікті ұстаз, айтулы азамат Сайлаубек Шалхаров былайша сыр шертеді:

– Әлі есімде, 1991 жылдың жаз айы болатын. Ол жылдары «Қазақ кардиология ғылыми-зерттеу институтының» бөлім меңгерушісі едім. Жұмыс бабымен Шымкентке іссапарға келген болатынмын. Ертеден дос болып жүрген Ермек Бекмұратов ағамызбен сол жерде жолықтық. Ол кісі: «Елбасының Жарлығымен Түркістанда университет ашылып жатыр екен, жүр барып қайтайық», – деді. Туған өлкесінен білім ордасы ашылып жатса кім қуанбасын, ішімнен қатты қуандым. Келдік. Университетке Қазыбек би көшесінің бойындағы Түркістан индустриалды техникумының ғимараттарын берген екен.

Ректордың (М.Жұрынов) кабинетіне кірсек, кең бөлмеде жай ғана стол, өзі отырған орындық қана, артық орындық болмағандықтан біз тікемізден тік тұрып әңгімелестік. Ректордың кабинетінің осындай жүдеу көрінуі менің көңілімді түсіріп жіберді. Бірақ оған мән бермеген Мұрат Жұрынов университеттің ашылуының әлеуметтік-саяси жағдайын, Түркістанның, ондағы өмір сүріп отырған халықтың, олардың ұрпағының болашағы туралы айта келе маған: "Сайлау! Оңтүстіктің жігіті сен келмегенде, басқа кім келеді", – деді. Осы сөзге кәдімгідей марқайып қалдым, қалған өмірімді туған жерді түлетуге арнайын деп келісімімді бердім. Сол күні Медицина факультеті деканының орынбасары ретінде бұйрық шығарылып, университет тарапынан іссапарға Алматыға кеттім.

«Кардиология» институтындағы басшыларға болған жағдайды айтқанда, олар таң қалысты, ондағы досым Айқан Ақанов әзілдеп: "Ей, Сайлау, институттың бір бұрышын қисайтып кетіп барасың ғой", – деді.

Сонымен, университеттің «Медицина» факультеті Кентау қаласында орналасатын болды. Университетке абитуриенттерді қабылдау жұмысы толық жүріп жатыр, ал факультеттің ғимараты дайын емес. Қала әкімшілігі, құрылысы бітпей тұрған балалар емханасы үшін салынып жатқан, ғимаратты ұсынды. Содан оқу жылын екі ай бойы, сабақ орнына, студенттердің күшімен, факультеттің ғимарат құрылысын бітіру жұмыстарымен бастадық, ал студенттерді Кентау қаласындағы «Ащысай полиметалл комбинатының» профилакториясына орналастырдық.

Кезінде, бірнеше жыл Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан "Жас медицина ғалымдары мен мамандарының кеңесін" басқарған тұсымда, Республикадағы барлық медициналық институттар мен ғылыми-зерттеу институттарының басшыларымен, сол саланың белсенді ғалымдарымен жақсы таныс болатынмын. Соған байланысты, жаңа ашылып жатқан факультетіміздің алғашқы деканы, Ермек Бекмұратұлы маған «факультетке кадр жинау және кітапхана қорымен айналысуды» тапсырды. Осы тапсырмамен Алматы, Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды, Семей қалаларында орналасқан медицина институттарын аралап шықтым. Барған институттар кітапханаларынан, басшыларының рұқсатымен, факультетімізге 4500 данадан аса «медицина саласы бойынша» әртүрлі оқулықтарды тегін алып келдік.

Бір жыл өткеннен кейін университетіміз «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» болып аталды. Халықаралық статусы бар университеттің жаңа ашылған Медицина факультеті жайлы, «Кентауда жағдайы жоқ, ауылдық жердің аты ауылдық жер, одан да ауруханалары жеткілікті облыс орталығына, Шымкент фармацевтика институтының қарамағына көшіру тиімді» деген сияқты алып-қашпа сөздер шығып жатты. Бірақ бұл сөздер Түркия мемлекетінің премьер-министрі Сүлеймен Демирельдің "біз университет ашсақ, Алматыдан да ашар едік, бірақ бүкіл Түркі дүниесінің орталығы – Түркістанды көтеру ата-бабаларымыздың бізге қалдырған аманаты, соны орындау – Қазақстан тәуелсіздік алып, егеменді ел болғаннан кейін біздерге борыш",– деген сөзінен кейін бірден тоқтады.

Бірде Мұхаң Алматыға сапар шегіп бара жатып, аэропортта маған мұндағы Медицина факультетінің қаладағы медицина институттарынан қандай айырмашылығы болатынын сұрады. Мен «Мүмкіншілігі болса, «студенттерді жалпы емдеу ісіне дайындаумен қатар, оларды Шығыс медицинасының элементтерінен де хабардар еткен дұрыс болар еді» деген ойымды айттым.

Бұл кезге дейін шөппен емдеу әдістемесін тәжірибеде қолданып жүргеніме он жылға жуық уақыт болып қалған. Бұл ой Мұқаңа ұнаған болуы керек, ол кісі ресми медицинада қолданылмайтын халық емдері туралы айтты. Сонан соң Шығыс медицинасына лайықталған пәндерді оқу жоспарына енгізу мәселесін ойлауды маған жүктеді. Осы жолда көп ізденуге тура келді. Осының нәтижесінде жоғары медицина колледжінде республикада тұңғыш рет «Шығыс Медицинасы» бөлімі ашылды. Оның болашағы зор екеніне ешбір күмән жоқ еді.

Факультетке оқытушы-профессорлар қатарына Алматыдан М. Рысұлы, С.Ажаев, Р.Ділбарханова, Ж.Н.Шалхарова, Ақтөбеден Калимурзина, Қ.Сәрсенбаев, Ж.Сүндетов және солармен қатар, Семейден, Шымкенттен, Бішкектен айтулы мамандар шақыртумен келді, оларды визит-профессорлар ретінде дәріс оқыту тәжірибесін пайдаландық.

Студенттерге «Анатомия» пәнінен оқытылатын «мәйіттер мен көрнекті муляждар» табу, мұсылман дініне ежелден көбірек мойын бұратын Түркістан өңірінде қиын мәселе еді. Бұл мәселе бойынша «Анатомиялық музей» жасау үшін Россиядан да мәйіттер алуға тура келді.

«Университеттің келешек дамуы туралы» бағдарламасы бойынша М.Жұрыновпен бірге Білім министрлігіне бірнеше рет бардым. Соның бірінде, университет қалашығы бойынша жоспарды талқылап жатқанда, Министрліктің құрылыс басқармасының төрайымынан (Соколова), Өкілетті Кеңестің төрағасы Намық Кемал Зейбек, "бұл құрылыс қанша уақытқа дейін созылады" – дегенде, ол «шамамен 25 жыл» деген. Сонда ректорымызбен бірдей университеттің ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген Өкілетті Кеңес төрағасының «ой, біз ол уақытқа шейін өліп қаламыз ғой, тездету керек" – деп айтқаны әлі есімде.

Ширек ғасыр бойы дамып келе жатқан университетіміз қазіргі кезде алдыңғы қатардағы оқу орындарының біріне айналып отыр. Біздер, осы оқу орнының ардагерлері, бұған қатты қуанамыз, қолдан тұрғызғандай болған білім ордамыздың әрбір жетістігіне, айтылған жағымды пікірлерге марқайып отырамыз, жағымсыз жағдайы болса ұнжырғамыз түсіп, ауырып қаламыз.

Келешек жастарға айтарым, «тақыр жерден бой көтерген, елеусіз қалған елдің еңсесін тіктеген, тәуелсіздігімізбен қатар келіп, ауылға қала мәдениетін алып келген, бүкіл Түркі елінің мақтанышы болып отырған Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің саяси орнының өте жоғары екенін естен шығармай, әрі қарай дами беруі үшін аянбай еңбек ете беріңдер, болашақтың иесі – өздерің сияқты білім іздеген жастар болмақ, осыны дер кезінде пайдаланыңдар» демекпін.

P.S. Профессор Сайлаубек Шалқаров кейіннен ұзақ жыл Түркістандағы медициналық колледжді басқарды. Қазір абзал азамат сексеннің сеңгіріне шығып отыр. Қасиетті шаһарда абыройы асқақтап, зор құрметке бөленіп жүр. Соның айқын айғағы Түркістан қалалық әкімдігі мен қалалық ардагерлер кеңесінің ұйғарымымен С.Шалқаровтың 80 жылдығына арналған «Ұлы тұлғалар өнегесі – ұрпаққа рухани жол» атты танымдық-шығармашылық кеш өткізді. Біз де абырой биігіндегі абзал жанға зор денсаулық, биік мәртебе тілейміз!



Қанат АЛТЫНБЕК,
Жазушы, зерттеуші,
ҚР Ұлттық кітапханасының
Ғалым хатшысы,
Қазақстан жазушылар
одағының мүшесі

АЛАТАУДАН БАСТАЛЫП, АДАМЗАТ

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Жамбылға жаңаша көзқарас – ұлттық әдебиеттанудың жаңа кезеңі, дәстүр мен жаңашылдықтың диалогы, халықтық поэзияның заманауи гуманитарлық ғылымдармен тоғысуы. Сондықтан Жамбылды зерттеу – тек өткенді құрметтеу емес, болашаққа бағдар жасау. Жамбылдың жыры – уақыттан биік тұрған рухани темірқазық. Сол темірқазыққа қайта үңілу – бүгінгі рухани жаңғырудың басты шарттарының бірі.

* * *

Біз мектеп қабырғасында оқыған жылдарымызда қазақтың көрнекті ақын-жыраулары мен жазушыларының өмірбаянымен танысқанда, олардың балалық шағы мен рухани қалыптасу жолы көбіне ұқсас сарынмен сипатталатынын байқайтынбыз. «Ауыл молдасынан хат таныды», «шығыстық қисса-дастандарды жас кезінен жаттап өсті», «халық ауыз әдебиетінің інжу-маржандарын бойына сіңірді» деген тәрізді тіркестер көптеген қаламгерлердің өмір жолын суреттеуде дәстүрлі формулаға айналғандай әсер қалдыратын. Бұл деректер кейде қарапайым өмірбаяндық факт ретінде ғана қабылданғанымен, шын мәнінде қазақ әдебиетінің рухани қайнар көздерінің біртұтас жүйесін аңғартатын маңызды мәдени-тарихи құбылыс еді.

Осы тұрғыдан келгенде, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың шығармашылық тұлғасын қалыптастыруда да шығыстық, халықтық поэзия дәстүрінің ықпалы айрықша болғанын анық байқаймыз. Оның «Сұраншы», «Саурық», «Өтеген» батырлар туралы классикалық жырларына үңілгенде, Жамбылдың тек жекелеген оқиғаларды жырлаушы емес, ғасырлар бойы қалыптасқан эпикалық дәстүрдің заңды жалғастырушысы екені көрінеді. Бұл дастандарда түркі дүниесіне ортақ батырлық эпосқа тән қаһармандық пафос, мифопоэтикалық образдар жүйесі, тарихи жад пен ұлттық рухтың көркем синтезі айқын сезіледі.

Жамбыл поэзиясының табиғатында шығыстық қисса-дастандарға тән баяндау өрнегі, сюжеттік кең тыныс, бейнелі теңеулер мен символикалық детальдар кеңінен көрініс тапқан. Сонымен қатар оның жырларында қазақтың ауызша поэтикалық дәстүріне тән суырыпсалмалық, импровизациялық қуат, халықтық дүниетаным мен этикалық құндылықтар ерекше үйлесім тапқан. Сондықтан Жамбылды тек жекелеген тарихи тұлғаларды жырлаған ақын ретінде ғана емес, шығыс әдеби-мәдени кеңістігі мен қазақтың халықтық поэзия дәстүрін сабақтастырған ұлы синтездік тұлға ретінде бағалау орынды.

Осылайша, Жамбылдың шығармашылық болмысы – шығыстық әдебиет пен түркі халықтарының эпикалық мұрасының, сондай-ақ қазақтың бай ауыз әдебиетінің терең тоғысынан туған көркем феномен. Бұл ықпалдар оның поэзиясын тек ұлттық деңгейде ғана емес, жалпыадамзаттық рухани кеңістікте де биік эстетикалық құбылысқа айналдырды.

Халық ақыны Жамбыл Жабаев шығармашылығындағы шығыстық поэзияның ықпалы туралы сөз қозғағанда, шығыстанушы ғалым, ҚР ҰҒА академигі Әбсаттар қажы Дербісәлінің ғылыми тұжырымдары ерекше мәнге ие. Ғалым өзінің «Жамбыл және Шығыс поэзиясы жайлы үзік ой» атты зерттеуінде Жамбылдың жыршылық дәстүрінің қайнар көздерін шығыс әдебиетімен сабақтастыра талдайды. Әбсаттар қажы Дербісәлі деректеріне сүйенсек, Жамбыл көптеген шығыстық қисса-дастандарды, тарихи және мифологиялық сюжеттерді жатқа жырлап, оларды қазақтың дәстүрлі эпикалық өрнегімен жаңғырта жеткізген.

Әсіресе Жамбылдың «Мың бір түн» хикаяларын ерекше ықыласпен жырлағаны жөнінде ғылыми деректер бар. Бұл – оның поэтикалық дүниетанымының кеңдігі мен шығыстық көркемдік кеңістікке терең бойлағанын көрсететін маңызды айғақ. Өкінішке қарай, Жамбыл орындауындағы «Мың бір түн» нұсқалары толық сақталып қалмаған. Бұл қазақтың ауызша жыршылық мәдениетінің жазбаға толық түспей, уақыт тезінен жоғалған аса құнды қабаттарының бірі ретінде бағалануға тиіс рухани мұра.

Академик Ә. Дербісәлі Жамбылдың батырлық жырлары мен эпикалық туындыларын Әбілқасым Фердоусидің әйгілі «Шаһнама» дастанымен салыстыра отырып, олардың идеялық, поэтикалық және құрылымдық үндестіктерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп көрсетеді. Жамбылдың «Сұраншы», «Саурық», «Өтеген» батырларға арналған жырларындағы қаһармандық пафос, батыр тұлғасын мифтік-тарихи деңгейге көтеру тәсілі, халық тағдырын эпикалық кеңістікте бейнелеу принциптері «Шаһнамадағы» эпикалық модельдермен типологиялық жағынан үндес келетіні айқын байқалады.

Осы тұрғыдан алғанда, Жамбылдың эпикалық мұрасы тек қазақтың ауызша поэзия дәстүрінің шеңберінде ғана емес, бүкіл Шығыс әдебиетінің ұлы эпикалық арнасымен сабақтас құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс. Оның жырлары – шығыстық классикалық поэзия мен түркі халықтарының батырлық эпосының, қазақтың суырыпсалма жыршылық дәстүрінің көркем синтезі. Мұндай синтез Жамбылды ұлттық ақын ғана емес, жалпы шығыс өркениетінің эпикалық дәстүрін жалғастырған ірі поэтикалық тұлға деңгейіне көтереді.

Академик Әбсаттар қажы Дербісәлі Жамбыл Жабаевтың шығыстық эпикалық дәстүрді меңгеру деңгейін талдай келе, ғылыми әдебиетте қызықты әрі назар аударарлық бір болжам ұсынады. Оның пікірінше, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының Фердоусидің әйгілі «Шаһнама» дастанын қазақ тіліне аудару үдерісіне Жамбылдың жанама түрде ықпалы болуы әбден мүмкін. Бұл – нақты дерекпен толық дәлелденбегенімен, тарихи-әдеби тұрғыдан қисынды ғылыми гипотеза ретінде қарастыруға болатын тұжырым.

Ғалым бұл болжамын Жамбылдың «Шаһнама» сюжеттерін, әсіресе дастандағы Рүстем батырға қатысты бөлімдерді ерекше ықыласпен жырлағаны туралы деректермен байланыстырады. Жамбылдың Рүстем туралы жырларды суырыпсалма дәстүрде орындап, тыңдаушыларға кеңінен таратқаны жөніндегі мәліметтер оның Фердоуси эпосын терең меңгергенін көрсетеді. Алайда, өкінішке қарай, Жамбыл орындаған «Шаһнама» фрагменттері мен Рүстем батыр жайындағы жыр нұсқалары бүгінгі күнге дейін сақталмай, тарихи жадта ғана қалған. Бұл – қазақтың ауызша эпикалық мәдениетінің көптеген асыл үлгілері жазбаға толық түспей, уақыт тезінен жоғалып кеткенінің бір көрінісі.

Жамбылдың «Шаһнама» сюжеттерін игеруі мен оны қазақы жыршылық дәстүрде қайта жаңғыртуы Тұрмағамбет Ізтілеуұлының аудармашылық қызметіне рухани-мәдени ықпал етуі мүмкін деген ой әдебиеттану ғылымында логикалық тұрғыдан негізсіз емес. Өйткені Тұрмағамбет пен Жамбыл бір дәуірде өмір сүріп, шығыстық классикалық әдеби мұрамен сусындаған, қазақ поэзиясында шығыстық сюжеттерді жаңғыртқан ірі тұлғалар қатарынан орын алады. Осы тұрғыдан алғанда, Жамбылдың эпикалық репертуары мен жыршылық тәжірибесі Тұрмағамбеттің «Шаһнама» аудармасына идеялық және поэтикалық деңгейде ықпал етуі ықтимал деген ғылыми болжам әдеби байланыстар тарихын зерттеуде маңызды мәселе болып табылады.

Бұл мәселеге арнайы тоқталып, кешенді ғылыми зерттеу жүргізген белгілі әдебиеттанушы, профессор Өтеген Күмісбаевтың еңбектері де назар аударарлық. Ғалым өзінің зерттеулерінде қазақ әдебиетіндегі шығыстық дәстүрдің таралу арналары, Фердоуси мұрасының қазақ поэзиясына ықпалы, сондай-ақ Тұрмағамбет Ізтілеуұлының аудармашылық мектебі мен оның тарихи-мәдени контексті туралы терең талдау жасайды. Ө. Күмісбаевтың ғылыми тұжырымдары Жамбыл мен Тұрмағамбет арасындағы ықтимал рухани сабақтастықты әдеби-тарихи байланыстар жүйесінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, Жамбылдың «Шаһнама» эпосын жырлау дәстүрі, Рүстем батыр бейнесін қазақ эпикалық санасында жаңғыртуы және оның Тұрмағамбет аудармасына ықтимал ықпалы туралы мәселе қазақ әдебиеттану ғылымындағы шығыстану бағыты үшін маңызды теориялық әрі тарихи проблема ретінде бағалануға тиіс. Бұл мәселе болашақта текстологиялық, компаративистік және мәдени-тарихи әдістер арқылы тереңірек зерттеуді қажет ететін ғылыми тақырыптардың қатарынан орын алады.

Жамбыл Жабаевтың шығармашылық қалыптасу жолын сөз еткенде, оның бала кезінен бастап шығыстық жыр-дастандарды жатқа айтып, сол мұрамен ерте сусындағанын атап өту маңызды. Бұл жайт ақынның өмірбаяндық дерегі ғана емес, оның поэтикалық дүниетанымын айқындаған рухани негіздердің бірі ретінде қарастырылуға тиіс. Шығыстық қисса-дастандарды жаттап өсу Жамбылға дайын сюжеттік қаңқа мен көркемдік өрнек қана беріп қоймай, эпикалық ойлау жүйесін, кең тыныстық баяндау тәсілін және философиялық пайымға бейім көркем сананы қалыптастырды.

Сонымен қатар Жамбылдың жыршылық репертуары тек классикалық шығыс мұраларымен шектеліп қалмай, шығыстың екінші бір қанаты саналатын Орта Азия халықтарының ауыз әдебиетімен де тығыз сабақтасты. Тарихи деректер мен естеліктерге сүйенсек, ол қырғыз, өзбек халықтарының эпикалық жырлары мен қисса-дастандарын да жатқа айтып, оларды қазақтың дәстүрлі жыршылық мәнерімен өзінше қайта өрнектей білген. Жамбылдың бұл жырларды сөзбе-сөз қайталаушы емес, әр халықтың көркемдік болмысын сақтай отырып, оған қазақы интонация, ұлттық ойлау жүйесіне тән образдар мен теңеулер дарыта орындауы – оның суырыпсалма ақын ретіндегі дара шеберлігін көрсетеді.

Жамбыл жырларындағы мұндай көпқабатты мәдени үндестік оның поэзиясын түркі және шығыс халықтарына ортақ рухани кеңістіктің бір бөлшегіне айналдырды. Ақын қырғыз бен өзбек қиссаларын жырлағанда олардың түпкі идеялық өзегін жоғалтпай, сонымен бірге қазақтың тарихи жадын, батырлық дәстүрін, дүниетанымдық өлшемдерін үйлесімді түрде тоғыстыра білді. Бұл құбылыс Жамбыл шығармашылығындағы интермәдени сабақтастықтың айқын көрінісі ретінде бағаланады.

Кейбір зерттеушілер мен әдеби деректерде Жамбыл поэзиясындағы жекелеген сарындар мен философиялық иірімдерді шығыстың ұлы ойшылдарының Омар Хайям мұрасымен сабақтастыра қарастыру үрдісі де кездеседі. Мұндай салыстырулар тікелей ықпалдан гөрі, дүниетанымдық үндестік пен көркем ойлау типінің жақындығын аңғартатын типологиялық ұқсастық ретінде түсіндіріледі. Өмірдің өткіншілігі, тағдыр мен адам еркінің арақатынасы, уақыт пен болмыс туралы толғаныс сынды философиялық мотивтердің Жамбыл жырларында да көрініс табуы оны жалпы шығыстық поэтикалық ойлау дәстүрімен бір арнада қарастыруға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы – тек қазақтың халықтық поэзиясының жемісі ғана емес, шығыстық классикалық әдебиет пен Орта Азия халықтарының эпикалық дәстүрлері, сондай-ақ философиялық поэзиясының терең тоғысынан туған күрделі көркем құбылыс. Бұл көпқырлы ықпалдар жүйесі Жамбыл поэзиясының мазмұндық байлығын арттырып, оны түркі-ислам өркениетінің кең рухани кеңістігінде бағаланатын биік деңгейге көтерді.

XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап Жамбыл Жабаевтың есімі тек қазақ даласының ғана емес, бүкіл кеңестік кеңістіктің рухани символына айнала бастады. Оның жыры одақтас республикаларға, әсіресе түркі тектес халықтар арасына кеңінен таралып, халықтық поэзияның ортақ мұрасына айналды. Бұл құбылыс «Жамбыл – тарих тереңінде, қырғыз-өзбек дерегінде» атты әдеби зерттеу еңбегімізде жан-жақты қарастырылып, тарихи және әдеби деректермен негізделген болатын.

Алайда Жамбылдың ықпалы тек Орта Азия мен түркі әлемінің дәстүрлі аймақтарымен ғана шектелмей, солтүстіктің қатаң табиғаты мен «мәңгілік» суық табиғатты Саха (Якутия) даласына дейін жеткені ерекше назар аудартады. Бұл – жырдың географиядан биік тұрғанының, рухани ықпалдың табиғи тосқауылдарды мойындамайтынының айқын көрінісі.

Қазақтың халық жазушысы, көрнекті тарихшы, әдебиет зерттеушісі Мұхтар Мағауиннің естелігі осы рухани сабақтастықтың жарқын дәлелі ретінде аса құнды. 1983 жылы ол Якутияда өткен қазақ әдебиетінің декадасына қатысып, солтүстік өлкеге сапар шегеді. Делегация мүшелері әртүрлі жерге бөлініп жайғасқан сәтте, Мағауин бастаған топ шағын сақа ауылындағы үлкен ағаш үйге қоныстанады.

Үйге кірген бойда зерттеушінің назарын бірден аударған жайт – қабырғаға тұтас ілінген Жамбыл Жабаевтың үлкен портреті. Қазақ даласынан мыңдаған шақырым қашықта, поляр белдеуіне жақын, мәңгілік тоң аймағында Жамбылдың суретінің ілулі тұруы – Мағауин үшін тосын әрі таңғаларлық көрініс еді. Бұл кездейсоқтық емес екенін кейінірек анықтайды.

Сөйтсе, бұл үй Саха халқының атақты жыршысы Сергей Зверевке тиесілі болған екен. Кейін бұл үй музей-үйге айналып, солтүстік халықтарының ауыз әдебиеті мен жыршылық дәстүрінің орталығына айналған. Жергілікті халық Зверевтің өмірі мен шығармашылығы туралы әңгіме қозғағанда, оның ең үлкен рухани мәртебесін «Жамбылдың рухани шәкірті» деп атауы – қазақ жыраулық дәстүрінің халықаралық деңгейде мойындалғанын көрсететін айрықша факт.

Мағауиннің ерекше қуанышқа бөленгені де осы тұс. Поляр белдеуінің ар жағында, табиғаты қатал, адам тіршілігі қиын Саха елінде Жамбылдың жыр керуенінің жетуі – тек әдеби ықпал емес, рухани миссияның жүзеге асуы еді. Жамбылдың эпикалық жырлау дәстүрі, импровизациялық поэзиясы, халықтық философиясы солтүстік халықтарының жыраулық дәстүрімен үндесіп, мәдени-рухани көпірге айналған.

Бұл құбылысты ғылыми тұрғыдан қарастырсақ, Жамбыл феномені кеңестік дәуірдегі халық ақындарының интернационалдық символына айналғанын аңғартады. Ол тек қазақтың ғана емес, барлық түркі және солтүстік халықтарының ортақ жыр атасына айналды. Сергей Зверевтің өзін Жамбылдың шәкірті санауы – жыраулық мектептің этникалық шекарадан асып, жалпыадамзаттық мәдени құбылысқа айналғанын дәлелдейді.

Жамбыл Жабаевтың Саха даласына дейін жеткен ықпалы – оның тұлғасының тек әдеби емес, өркениеттік мәнге ие болғанын көрсетеді. Ол – көшпелі өркениеттің соңғы ұлы жырауы ғана емес, ауызша поэзияның XX ғасырдағы жаңғыру символы. Жамбыл жыры арқылы көшпелі дүниетаным, халықтық философия, дәстүрлі поэтика кеңестік және әлемдік әдеби кеңістікке енді.

Сол себепті, Мағауин көрген Жамбыл портреті – жай ғана сурет емес, рухани сабақтастықтың белгісі, түркілік поэзияның солтүстік өркениетке дейін жеткен мәдени елшісі іспетті еді.

Поляр шеңберінің арғы жағындағы Саха даласында Жамбыл есімінің құрметпен аталуын, Сергей Зверевтің өзін оның рухани шәкірті санауын – Жамбыл поэзиясының ғаламдық фе-

ЖҮРЕГІНЕ ЖЕТКЕН ЖАМБЫЛ ЖЫРЫ

номенге айналғанының айқын дәлелі деп бағалауға болады. Бұл – жырдың шекарасыз табиғаты, халық рухының кеңістіктен биік тұрғанының көркем көрінісі.

Жамбылдың жыр керуені тек қазақ даласын ғана емес, мәңгілік тоң жамылған солтүстік өлкелерді де шарлап, халық жүрегіне жол тапты. Бұл – ұлы жыраудың рухани ықпалының географиялық емес, өркениеттік категория екенін дәлелдейтін тарихи-әдеби факт.

Жамбыл Жабаевтың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жырлары қазақ халқының ғана емес, бүкіл кеңестік кеңістіктің рухани қаруына айналды. Мектеп қабырғасынан-ақ біз оның «Алғадай туралы жырын», майданға аттанған ұлына арнаған зарлы әрі жігерлі өлеңдерін, сондай-ақ Ленинград қоршауындағы жауынгерлерге жолдаған әйгілі толғауын оқып өстік. Бұл жырлар – тек поэтикалық туынды емес, халықтың жүрегін оятқан рухани манифест еді.

Жамбыл соғыс жылдарында ақын ғана емес, халықтың рухани әкесі, батагөй жырауы, ұлттық рухтың символына айналды. Оның батасы – тек сөз емес, ұлттың рухани аманаты, батырлық дәстүрдің жалғасы еді.

Қазақтың айбарлы қаһарманы, әскери стратег, ойшыл жазушы Бауыржан Момышұлы өзінің естеліктерінің бірінде соғыс кезіндегі ерекше бір сапарын тебірене жазады. Майданнан бір сәтке Жуалыға келгенде, ол елдің қасиетті қариясы, ұлы жырау Жамбылдан бата алуды ниет етеді. Бұл – батырдың рухани түбіріне, халықтық дәстүрге тағзым етуінің көрінісі.

Бауыржанды қарт жырауға алып келген – қазақ әдебиетінің классигі, жазушы Сәбит Мұқанов. Сәбит тоқсанның төріне шыққан Жамбылды Бауыржанмен таныстыра отырып, оның майдандағы ерлігін, батырлық даңқын, елге сіңірген қызметін айтып өтеді. Бірақ Жамбыл үшін даңқ пен атақ маңызды емес еді. Ол батырдың сыртқы атағына емес, ішкі рухани қуатына, сөз саптауына, ой тереңдігіне мән беретін жыраулық сыншы болатын.

Жамбыл батырды ұзақ барлап, ойлы көзімен тесіле қарап отырып, қабағын қатайтып, тосын сауал тастайды:

– Өтеген мен Сұраншыдан күштімісің?

Бұл сұрақ жай ғана тарихи батырлар туралы сауал емес еді. Бұл – жыраудың батырлықты, рухани күшті, дәстүрлі қаһармандықты салыстыра отырып, бүгінгі батырдың ішкі болмысын сынауы. Өтеген батыр мен Сұраншы батыр – Жетісу даласының аңызға айналған тұлғалары, Жамбыл жырлаған эпикалық қаһармандар. Олардың бейнесі оттай өр, судай тасқын күштің символы ретінде халық санасында орныққан.

Бауыржан Момышұлы жыраудың бұл сұрағын жай мақтанға, сыртқы батырлыққа негізделген жауаппен қайтара салмайды. Ол халықтық философияға, табиғат метафорасына сүйене отырып, даналыққа толы жауап береді:

– Өтеген қаптап келе жатқан өрт сияқты, Сұраншы сарқырап аққан су сияқты батыр болатын. Дүниеде от пен судан күшті жоқ. Мен ол екеуінің ешқайсысына пар келе алмаймын. Мен оттың ұшқыны, судың тамшысы ғанамын, Жәке!

Бұл жауап – Бауыржанның әскери ерлікпен қатар философиялық ойлаудың, жыраулық дүниетанымды терең түсінудің үлгісі. Ол өзін аңыз батырлармен салыстыра отырып, кішіпейілділік танытады, бірақ сонымен бірге батырлықтың метафизикалық мәнін дәл аңғарғанын көрсетеді.

Жырау Бауыржанның жауабына риза болып, батасын береді. Бұл – жай ғана қарияның батасы емес, ғасырлар бойы қалыптасқан жыраулық дәстүрдің қазіргі заман батырын мойындауы, рухани сабақтастықтың заңды жалғасы еді.

Жамбылдың Бауыржанды сынауы – оның даңққа алданып кетпейтін, батырдың сыртқы ерлігімен бірге ішкі рухани мәдениетін бағалайтын даналық болмысын аңғартады. Ол Бауыржанның батыр екенін білсе де, жыраулық дәстүр бойынша оны сынап, сөзінен, ойынан, дүниетанымынан батырлықтың шынайы өлшемін іздеді.

Бұл эпизод Жамбылдың тек халық ақыны емес, философиялық ой иесі, дәстүрлі жыраулық институттың соңғы ұлы өкілі екенін көрсетеді. Ол батырлықты тек қылыш пен қарудың күшімен емес, сөздің, ойдың, рухтың қуатымен өлшейтін тұлға болды.

Жамбыл үшін батыр – тек жау жапқан жауынгер емес, халықтың рухани тірегі, сөз бен ойдың иесі, тарихи жадының сақтаушысы еді.

Бауыржанның жауабы мен Жамбылдың батасы – көшпелі өркениеттің батырлық философиясы мен XX ғасырдағы әскери мәдениеттің тоғысу сәті. Бұл – эпос пен модерннің, ауызша дәстүр мен жазба мәдениеттің, жырау мен генералдың рухани сұхбаты.

Жамбыл мен Бауыржан арасындағы осы қысқа ғана диалог – қазақ руханиятының терең қабатын ашатын символдық оқиға. Мұнда ғасырлар бойғы жыраулық дәстүр, батырлық эпос, философиялық дүниетаным және XX ғасырдағы ұлттық қаһармандық бір сәтте тоғысады.

Жамбылдың батасы – Бауыржан батырдың ғана емес, тұтас қазақ жауынгерінің рухани аманаты еді. Ал Бауыржанның жауап беруі – жаңа дәуір батырларының дәстүрлі рухани кодты сақтағанын, жыраулық дүниетанымды терең меңгергенін көрсететін тарихи-әдеби факт.

Осы арқылы Жамбылдың тұлғасы тек жыр айтушы ақын ғана емес, батырларды тәрбиелейтін рухани ұстаз, ұлттық рухтың философы ретінде айқындала түседі.

Жамбыл Жабаевтың жыры – белгілі бір ұлттың, белгілі бір географиялық кеңістіктің ғана рухани қазынасы емес, адамзаттық мәдени кеңістіктің ортақ құндылығына айналған құбылыс. XX ғасырдың алғашқы жартысынан бастап-ақ оның есімі қазақ даласының шегінен шығып, бүкіл одақтас республикаларға, тіпті әлемнің әр түкпіріне тарала бастады. Бұл құбылысты біз Әбсаттар қажының ғылыми пайымдарынан, Мұхтар Мағауиннің тарихи-әдеби естеліктерінен, түркі және парсы тектес халықтардың көрнекті ақын-жазушыларының пікірлерінен анық аңғарамыз. Олардың барлығы бір ауыздан Жамбыл поэзиясының шекарасыз рухани ықпалын мойындайды.



Жамбылдың жыр керуені қырғыз, өзбек, тәжік, саха, татар, башқұрт, орыс және басқа да көптеген халықтардың рухани кеңістігіне еніп, ұлттық әдебиеттер арасындағы мәдени көпірге айналды. Оның төкпе импровизациялық жырлау дәстүрі, халықтық философияға суарылған поэтикасы кез келген халыққа түсінікті, жақын әрі әсерлі болды. Өйткені Жамбыл жыры жасанды идеологиядан емес, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық дүниетанымнан, тірі ауызша дәстүрден нәр алған еді. Сондықтан оның поэзиясынан жалған пафос емес, табиғи адамдық сезім, өмірдің шынайы лебі есіп тұрды.

Тәжік халқының ұлы ақыны, қоғамдық ойдың көрнекті өкілі Мырза Тұрсынзаданың Жамбыл туралы айтқан пікірі – осы шекарасыз рухани ықпалдың көркем әрі философиялық тұжырымдалған дәлелі. Ол: «Қазақ халқы Жамбыл сияқты ұлы жыршыны дүниеге келтірді. Оның өлеңдерін оқыған кезде көз алдыңа Алатау елестейді. Жамбылдың поэзиясы ғасырлар бойы жасайды, ешқашан да өлмейді. Ең биік шың – адамның жүрегі. Жамбыл өзінің поэзиясымен сол шыңға жол таба білді және ол шыңды бағындырды», – деп бағалауы тегін емес.

Бұл сөздерде бірнеше қабатты терең мағына жатыр. Біріншіден, Тұрсынзада Жамбыл поэзиясының ұлттық колоритін ерекше атап өтеді. Жамбылды оқығанда Алатаудың елестеуі – оның жыры табиғатпен, туған жердің кеңістігімен, көшпелі өркениеттің рухымен біте қайнасқанын білдіреді. Екіншіден, Жамбыл поэзиясының уақыттан тыс өмір сүретінін, мәңгілік сипатқа ие екенін айтады. Бұл – оның шығармашылығы тарихи кезеңнің ғана емес, адамзаттық рухтың көрінісі екенін меңзеген философиялық тұжырым.

Ал үшіншіден, «ең биік шың – адамның жүрегі» деген метафора арқылы Тұрсынзада Жамбыл поэзиясының ең басты құндылығы – адам жанына жол таба білуінде екенін айқындайды. Әдебиет тарихында көптеген ақындар биік көркемдік формаға жетті, бірақ адам жүрегіне жол табу – сирек дарындарға ғана бұйыратын құбылыс. Жамбыл дәл осы рухани шыңды бағындырған ақын ретінде бағаланады.

Бұл тұста Тұрсынзаданың ұлы ақын Гасем Лахутимен достық қарым-қатынасын алға тартуы да кездейсоқ емес. Иран текті поэзия дәстүрін терең меңгерген Лахути мен түркілік жыраулық дәстүрдің соңғы ұлы өкілі Жамбыл арасындағы рухани үндестік – Шығыс әдебиеттерінің ішкі мәдени байланысын көрсететін ерекше құбылыс. Олар әртүрлі тілде сөйлегенімен, поэзия тілі, адамзаттық сезім, еркіндік пен әділет идеясы арқылы бірін-бірі түсінді. Бұл – Жамбыл поэзиясының интернационалдық табиғатының айқын көрінісі.

Рас, Жамбылдың төкпе жырларын кез келген халық өз тіліне аударып, еркін оқыды. Бірақ мәселе аудармада ғана емес, оның поэзиясының рухында еді. Жамбыл жыры аударма арқылы да өзінің табиғи қуатын жоғалтпады, өйткені ол жасанды риторикаға емес, халықтық интонацияға, адамзаттық эмоцияға негізделген болатын. Сол себепті оның жырларынан жалғандық емес, жасандылық емес, шынайы адамдық лебін сезген халықтар оны қадір тұтты, өз рухани мұрасына жақын қабылдады.

Жамбыл феномені – XX ғасырдағы ауызша поэзияның жазба мәдениетке, ұлттық әдебиеттердің әлемдік кеңістікке енуінің символы. Оның жыры – этникалық шекараларды бұзған рухани күш, тілдік тосқауылдарды еңсерген поэтикалық энергия. Ол өз поэзиясы арқылы Алатаудың етегінен бастап, Сібірдің мәңгілік тоңына дейін, Орта Азиядан Кавказға дейін, славян және түркі әлеміне дейін жеткен рухани көпір салды.

Сондықтан Жамбылдың поэзиясы – тек қазақ әдебиетінің жетістігі емес, Еуразиялық кеңістіктегі халықтық поэзияның ортақ биік шыңы. Оның жыры ғасырлар бойы жасайтыны туралы Тұрсынзаданың пайымы – көркем метафора ғана емес, тарихи-әдеби заңдылыққа негізделген ғылыми тұжырым. Өйткені Жамбыл жыры – уақыттың емес, рухтың поэзиясы. Рух өлмейді, демек Жамбыл поэзиясы да өлмейді.

Мырза Тұрсынзаданың философиялық бағасы – Жамбылдың жыры шекарасыз рухани құбылыс екенін дәлелдейді. Жамбыл – белгілі бір халықтың ғана емес, адамзаттық поэзияның биік жүрек шыңын бағындырған ұлы жырау. Оның жыры – Алатаудан басталып, адам жүрегіне барып тірелетін мәңгілік рухани керуен.

Жамбыл туралы сөз – таусылмайтын рухани өзен.

Жамбыл туралы бізге дейін де жазылды, бізден кейін де жазылары хақ. Өйткені Жамбыл – белгілі бір дәуірдің ғана емес, тұтас ғасырлардың жырын бойына жинаған феномен. Оның өмірі мен шығармашылығы – қазақтың ауызша поэзиясының, жыраулық дәстүрінің, халықтық философиясының XX ғасырдағы соңғы ұлы көрінісі. Сондықтан Жамбыл жайлы әңгімені жалғай берсек, арқау болар дерек те, тарихи оқиға да, әдеби құбылыс та аз емес.

Дегенмен біз осы еңбекте Жамбылдың шығыстағы орнын, оның түркі және шығыс халықтары арасындағы рухани ықпалын көрсетуге ұмтылдық. Бұл – Жамбыл феноменінің бір ғана қыры. Шындығында, Жамбыл – тек қазақтың ғана емес, Еуразия кеңістігіндегі халықтық поэзияның ортақ биік шыңы. Оның жыры Алатаудың баурайынан асып, Орта Азия, Кавказ, Еділ бойы, Сібір, тіпті поляр белдеуінің ар жағындағы саха даласына дейін жетті. Бұл – жырдың географиядан биік тұрғанының, рухани ықпалдың тіл мен шекараға бағынбайтынының айқын дәлелі.

Жамбылдай жүз жыл жырлаған жыраудың мұрасына адалдық таныту – бүгінгі ұрпақтың, әсіресе қаламгерлер мен ғалымдардың басты парызы. Жамбыл – тек тарихи тұлға емес, ұлттық жадының, рухани сабақтастықтың тірі символы. Оның жырлары – қазақтың дүниетанымы, моральдық құндылықтары, тарихи тәжірибесі мен философиялық пайымдарының поэтикалық көрінісі. Сондықтан Жамбылды зерттеу – өткенді тану ғана емес, бүгінгі ұлттық рухтың негізін түсіну.

Жамбылдың жолын, жыраулық мектебін, шығармашылық мұрасын зерттеп, жүйелеп жазған тұлғалар аз болған жоқ. Әдебиеттану ғылымында жамбылтану дербес бағыт ретінде қалыптасты. Кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік дәуірінде де Жамбыл мұрасы түрлі ғылыми зерттеулердің, диссертациялар мен монографиялардың, көркем шығармалардың арқауына айналды.

Бүгінгі таңда да жамбылтанудың қасиетті жүгін арқалап келе жатқан қайраткерлер бар. Солардың ішінде жазушы, зерттеуші Нағашыбек Қапалбекұлы бастаған бір топ жамбылтанушылардың еңбегі айрықша аталады. Олар жыр алыбының мұрасын қадари халдерінің жеткенінше жинақтап, насихаттап, ғылыми айналымға енгізіп келеді. Бұл – жеке бір тұлғаның емес, тұтас ұлт руханиятының алдындағы жауапкершілік. Өйткені Жамбыл мұрасын сақтау – ұлттық мәдени кодты сақтау, халықтың рухани генетикалық жадын сақтау деген сөз.

Жамбылтану – тек мәтіндік зерттеу ғана емес, мәдени феноменді, жыраулық институтты, ауызша поэзияның поэтикасын, халықтық философияны кешенді түрде тану. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі жамбылтанушылардың еңбегі – өткен дәуірдің рухани әлемін қазіргі ғылыми оймен қайта пайымдау үдерісі.

Осы ойлардың барлығын түйіндей келе, ұлы Мұхтар Әуезовтің: «Абай да, Жамбыл да – қазақтың маңдайына біткен ақындар» деген бағасын еске алу орынды. Бұл – жай ғана әдеби баға емес, ұлттық тағдырға қатысты философиялық тұжырым. Абай – жазба әдебиеттің, интеллектуалдық поэзияның шыңы болса, Жамбыл – ауызша дәстүрдің, халықтық поэзияның соңғы ұлы жырауы. Екеуі – қазақ руханиятының қос қанаты, ұлттық әдебиеттің қос тірегі.

Жамбыл – халықтың жадында сақталған эпостың, жыраулық дәстүрдің, импровизациялық поэзияның ғасырлық жинақталған қуатын бойына сіңірген тұлға. Оның жыры – халықтың сөзі, оның үні – халықтың үні. Сондықтан Жамбыл туралы сөзді жалғау – халық туралы сөзді жалғау, қазақ руханиятының тағдыры туралы сөзді жалғау.

Жамбылдың жыры – уақыттың емес, рухтың поэзиясы. Рух өлмейді. Демек, Жамбыл да өлмейді. Оның мұрасы – әр дәуірде жаңғырып, әр ұрпақта қайта сөйлейтін мәңгілік рухани құндылық. Жамбыл туралы сөз жалғаса береді, жамбылтану дамиды, жыраудың жыр керуені уақыт кеңістігінен асып, адамзат жүрегіне жол таба беретініне ешқандай күмән жоқ!



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ШЫНДЫҚТЫҢ ЖОЛЫ ШЫРҒАЛАҢ

(Соңы. Басы өткен санда).

Үш күннен соң, Самат, Ринат және мені деканатқа шақырды. Үстіміздің жергілікті тұрғындарды ұрып-соқты, балағаттады деген арыз түсіпті. Аудандық Ішкі істер бөлімі осының бәрін растап, университет ректорының атына арнайы қағаз жіберіпті. Біз өзімізді ақтай бастап едік, декан сөзімізді құлағына да қыстырмады.

– Сендердің бейбастықтарыңа 40 адам қол қойыпты. Тыныш жүрмей от басқан өздерің кінәлісіңдер. Мемлекеттік үлкен оқу орнының атына кір келтіріп отырсыңдар. Ректордың бұйрығы бойынша сендер бүгін оқудан шығарылдыңдар. Қазір жатақхана комендантына барып, бөлмелеріңнің кілтін тапсырыңдар! Әңгіме осымен бітті!

Қаһарлана сөйлеген декан үшеумізді сүмірейтіп, кабинетінен қуып шықты.

Сөйтіп, үшеуміз не оқу жоқ, не жатақхана жоқ, қаңғырып айдалада қалдық. Баратын жеріміз, асатын тауымыз жоқ, сол күні 2-ші теміржол бекетінде түнеп шығуға тура келді. Не істерімізді білмей абдырап қалғанда, Самат екеуміздің әлдекайда әлжуаз болып көрінетін Ринаттың рухы күшті болып шықты. Үшеуміз вокзалдың маңайындағы арзан асханаға барып, бір-бір тары ботқасын алып, қара нан мен қара шай ішіп отырғанда Ринат бізге қарап, небәрі екі шумақ өлең жолдарын оқыды.

Бұл өмір – сынақ,
Тұрасың талай құлап.
Кей кезде қуанып,
Кей кезде аласың жылап.

Бұл өмір – сынақ,
Мәңгілік емес бірақ.
Бірде қыс, бірде жаз,
Мезгілдей ауысып тұрад,

– деген жыр жолдарын күрсініп аяқтап, бір нүктеге қадала қарап қалды.

– Мықты өлең екен, – дедім риза болып. – Өзің жаздың ба, Ринат?

– Жасы 18-ге енді келген бозбала мұндай өлеңді қайдан жазсын, – деді ол мырс етіп. – Біздің ауылда тракторист болып жұмыс істейтін Оразбай деген көкемнің өлеңі. Әттең, жалғыз басты болып, ауылдан шыға алмай қалды. Алматыға келсе ақынмын деп кеудесіне нан пісіп жүргендерді он есе орап алар еді. Дәркеш, мен Оразбай көкемнің өлеңін бекерден-бекер оқып отырған жоқпын. Ниеті жаман адамдардың бәле-жаласынан зардап шегіп, қазір үшеуміздің еңсеміз түсіп, судан шығып қалған балықтай дәрменсіз күйде отырмыз. Еш жазығымыз болмаса да, оқудан қуылдық, ауылымызға қайтуға бетіміз жоқ, өлімнен ұят күшті. Еш мамандығы жоқ біз сияқты шикі өкпелерді ешкім жұмысқа да алмайды. Бәріміздің басымызды қатырып отырған қиындықтан құтылудың жалғыз жолы ол – әскер қатарына кету. Уақыт – емші, бәрін де емдейді. Бір жағынан Отан алдындағы борышымызды өтейміз, екіншіден, өмір көріп, ысылып қайтамыз. Менің әкем бала кезімде: «Ер жігіт өмірінде үш ақ үй, үш қара үй тігеді» деп отырушы еді. Мен кешеден бері осы сөздің мән-мағынасын терең түсінгендей болдым. Үшеуміз де бала емеспіз, тепсе темір үзетін жігіттерміз. Ертеде 13 жасар бала отау иесі болғанын менен жақсы білесіңдер. Өмірден жолымыз болмады деп басымызды төмен тұқыртпайық. Өмір деген – күрес, олай болса қиындықпен неге күреспейміз? Ертеңімізді ойлайық, жүрегіміздегі арманның отын өшірмейік. Құдай қаласа, үшеуміз де әскер қатарынан келген соң, оқуға қайтадан қабылданамыз. Естеріңде болсын, біз әділетсіздіктің құрбанымыз, шындықтың жолы ауыр, бірақ, ерте ме, кеш пе әділдік жеңіп шығады.

Анам «Асыл – тастан, ақыл – жастан» деп отырушы еді. Ринаттың жас болса да терең ойлай білетіндігіне, әр жүрекке жеткізіп айта білетін шешендігіне, ерік-жігеріне Самат екеуміз іштей сүйсініп, бір жағынан таңырқап отырдық. Бірте-бірте сөне бастаған үміттің оты қайтадан жылт ете қалғандай болды. Тағдыры бір үш дос ақылдаса келіп, қалтамызда қалған тиын-тебенімізді жинап, І-ші Алматы теміржол бекетінің маңайынан бір бөлмелі пәтер жалдап, сол күні көшіп алдық. Жұмыстың да реті келе кетіп, осы маңайдағы құрылыс материалдары және отын сақтайтын базаға уақытша жүкші болып жұмысқа орналастық. Алғашқыда қара жұмыс біз сияқты ақсаусақ студенттерге қиынға түсіп, кәдімгідей қиналып жүрдік. Вагоннан көмір түсіру, автокөліктерге кірпіш, цемент, басқа да құрылыс материалдарын арту оңай шаруа емес.

«Үш күнде көрге де үйренесің» деген рас. Қиындыққа шыдадық, шыдамасқа амал жоқ. Ауыр жұмысына қарай, төленетін жалақысы да тәуір болып шықты. Жүкші болып жұмыс істегенімізге он бес тәулік толғанда айлық жалақымыздың есебінен әрқайсымыз 50 сом алып, бір шала байып қалдық. Орта қазынаға 200 сом түсті. Ол кезде бұл үлкен қаржы. Үшеуміз де өзіміз бекіткен ереже бойынша өмір сүреміз: темекі шекпейміз, ішімдік атаулыны аузымызға алмаймыз, қаланың орталығына баруға қатаң тыйым салынады, туыстар, таныс-достарымызбен мүлдем араласпаймыз. Апта сайын моншаға түсіп, таза жүруге міндеттіміз. Жетісіне бір рет пәтер жалдап тұрған үйдің дәл жанындағы кинотеатрға барамыз. Ол кезде дүкенде қойдың басы небәрі 25 тиын тұрады. Самат үйітілген қойдың құйқасын тазалап, пісірудің нағыз шебері. Басты бабына келтіріп қайнатып, ас дайын болғанда:

– Ребята, кушать подано. Голова спелый, макарон спелый», – деп бізді дастархан басына шақырады.

Мойынқұмның бір алыс түкпіріндегі алыс ауылда тұрған Саматтың орысшасы шамалы болса да, бізбен көккөзді ағайындардың тілімен шатып-бұтып сөйлейді. Онысы дұрыс, әскер қатарында жүргенде түк білмей аузың қайда десе, мұрнын көрсетіп жүрген ұят болады.

– Самат, – деймін орыс тілінен қара жаяу емес екенімді білдіріп, – голова спелый, макорон спелый дейсің, ол дұрыс емес, спелый демей, сварился деп айт. Орыстар жеміс-жидекті спелый деп айтады.

– Осы орекеңдер де қызық халық. Қырық құбылтып айтқанша, қазақтар сияқты бәрін пісті деп айтпай ма? – дейді Самат кәдімгідей ренжіп. – Осы тілді білмеуімнің кесірінен алғашқы махаббатымнан да айырылып қалдым.

– Нағыз Ромео біздің жанымызда жүр екен ғой, – дейді Ринат маған көзін қысып. – Махаббатпен ойнауға болмайды, қиын болған екен. Кімге ғашық болып жүрсің, бізге де айтсаңшы, досымыздың сүйгенін біліп жүрейік.

Оны аңғарып жатқан Самат жоқ.

– Иә, дұрыс айтасың, – дейді ол күрсініп қойып. – Оны шын сүйген адам түсінеді. 9-шы сыныпта оқып жүргенде аудан орталығында тұратын туған ағам Рысбектің үйінде бір апта қонақта болдым. Көкемнің Леша деген орыс досы бар, екеуі үнемі бірге жүреді, әсіресе, аң аулағанды ұнатады. Леша ағайдың Галя деген сегізінші сыныпта оқитын қызы маған бірден ұнады. Менің орысшам, оның қазақшасы шамалы болса да, еліктің лағындай сүйкімді көрші қызбен тез тіл табысып кеттім. Бірекі рет орталыққа бірге барып, балмұздақ жедік, қатар отырып кино көрдік. Мендей дос тапқанға Галя мәз-мәйрам. Ауылға кетуіме екі күн қалды, көзі аспан түстес әдемі қызды, бала махаббатымды біртүрлі қимай жүрмін. Жақсы көретінімді айтайын десем, тілім жетпейді, айтпайын десем, арманда кететін түрім бар.

«Галя! Айналайын! Мен сені жақсы көремін. Егер маған тисең, ауылға алып кетемін» деген сөзді орысшаға аударып, жалындап тұрған махаббатымды жеткізуім керек. Бірақ оны орысшаға аударайын десем, тілім құрғыр байланып тұр. Өстіп не істерімді білмей дал болып отырғанымда, маған немере болып келетін Арманның келе қалмасы бар ма. Өзі мектепті былтыр бітірген, шопыр болып жұмыс істейді. Рысбек көкем айтпақшы, аңға қорықпай баратын жігіт.

– Арман, – дедім туысымды оңаша алып шығып, – саған сеніп, бір құпия айтуға бола ма?

– Иә, сенуіңе әбден болады. Ол не құпия?

– Арман, саған қалай айтсам екен! Көкемнің Леша деген досының Галя деген қызына өлердей ғашық болып қалдым. Соны айтайын десем, орысшам шамалы болып тұрғаны. Сен қанша дегенмен аудан орталығында тұрасың, маған қарағанда орысшаң да дұрыс. Мына сөздерді орыс тіліне аударуға көмектесші.

Екеуміз менің махаббатыма байланысты бір ауыз сөзді әрі айналдырып, бері айналдырып, «Галя, я тебя кругом обхожу. Если меня тронешь, тебя в аул заберу» деп аударған болдық.

– Тамаша! – деді Арман қағазға қарап қойып, – әрі қысқа, әрі нұсқа. Көресің, осы сөзді айтқанында, Галя құшағыңа өзі құлайды.

Ауылға қайтатын күннің алдында кешкұрым Галя екеуміз пісте шағып отырдық.

– Галя, можно один слова сказать, – дедім қысылып-қымтырылып.

– Говори, Самат, – если не секрет, – деді көрші қыз күлімдей қарап.

Мен орнымнан тұрып, Арман екеуміз екі сағат аударып, түні бойы жаттап алған сөздерімді айтып болуым мұң екен, Галя орнынан ұшып тұрып: «Ты что, дурак!» деп үйіне тұра кеп қашты...



Мен таңертең жол жүретін болып, ауылға жинала бастадым. Сол күні көрші үйдің қызы көрінбеді. Алматыға кетіп бара жатқанда көкемнің үйіне соқтым, бірақ бала махаббатымды көре алмадым.

– Галяны іздемей-ақ қой. Ол биыл 9-шы сыныпты бітіріп, Алматыдағы кооперативтік техникумға оқуға түсті. Сол қу қыз сені екі-үш рет сұрап, «Самат мировой пацан» деді. Әй, байқаймын, сенен кет әрі емес сол сары қыз. Түбінде бізге келін болып қалуы әбден мүмкін. Нәсілі орыс демесең, жақсы қыз, – деді жеңгем маған жымия қарап. – Сен де Алматыға кетіп барасың, іздесең тауып аласың, қайным.

Жүрегім дүрс-дүрс соғып, жан дүнием жылып сала берді...

Ауылшаруашылық жұмыстары біткен соң, Галяны іздеп тауып алайын деп жүр едім, басым мынадай пәлеге ұшырады, тай түгілі бас қайғы болып кетті. Жағдайдың осылай болғанын Галя қайдан білсін. Эх, қолдан келер шара жоқ. Екі көзі мөлдіреп қайда отыр екен менің махаббатым?

Ринат екеуміз алғашқыда әзілге бұрып, Саматтың сөзіне онша мән берген жоқ едік. Досымыздың тебірене айтқан жан сыры бізді кәдімгідей ойландырып тастады.

Күндер сырғып өтіп, күзгі әскер қатарына шақыру науқанын асыға күтіп жүрдік. Бір күні ойламаған жерден бір оқыс оқиға болды. Самат, Ринат, үшеуміз бір вагон көмір түсіріп болып, жуынбақ болып душқа барғанбыз. «Қырсыққанда қымыран іриді» демекші, сол күні ол жұмыс істемей қалып, теміржол бекетінің жанындағы су колонкасына бет алдық. Үстіміздегі ескі спорт костюмі шұрық-тесік, бет-аузымыз қап-қара, қара нәсілді негр ағайындардан аумаймыз. Киіз құсап, әбден ұйысып қалған бұйра шашымды, кір-қожалақ бетімді қара сабынмен жуып, қолымдағы сүлгімен сүртініп тұрғанмын. Дәл осы кезде жанымнан өтіп бара жатқан бір әйел кілт тоқтап: «Әй, сен Тойғанбаев емеспісің?» – деп тоқтай қалды. Орта мектепте химия пәнінен сабақ беретін Сәлима апайды бірден танып, тұра кеп қаштым. Әлгі мұғалімнің «Мұның медицина институтына оқуға түсті дегені қайда? Ойбай, бетім-ай, мынау шәрәмигі болып кетіпті ғой» деген сөздерін құлағым шалып қалды. Аузы жеңіл кісі еді, өтірікті шындай, шынды Құдай ұрғандай етіп, бүкіл ауылды дүрліктіретінін іштей сездім.

Сол күні үлкен қылмыс жасағандай пәтерде бүк түсіп жатып алдым. Ештеңеге зауқым жоқ. Ұзақ уақыт дөңбекшіп, түннің бір уағында көзім ілінгендей болды, түсіме ауыл кірді. Сәлима жанына мектептің бүкіл мұғалімдерін жинап алыпты. «Дәркеш Тойғанбаевты бәрің әлдеғандай қылып, ауыздарыңның суы құрып мақтаушы едіңдер. Оның жоғары оқу орнына түскені өтірік болып шықты. Алматыдағы 1-ші теміржол бекетінде тоз-тозы шығып, шәрәмигі болып, әркімнен қайыр сұрап жүргенін өз көзіммен көрдім. Масқара! Бетін аулақ қылсын!» – деп аузы зып-зып етіп бөсіп тұр. Түсім шатасып, кеткендей болды... Анам, әкем, Алмасбек көкем мені аласұрып іздеп, әркімнен сұрастырып жүр екен...

Бұл оқиға мен үшін жығылған үстіне жұдырық болды. Арада екі айға жуық уақыт өте шықты. Енді көп ұзамай әскер қатарына шақыру басталады. Тезірек әскерге кетуге дайындала бастадым. Кім ойлаған, бұл оңай шаруа болмай шықты. Майор шенді офицерге «Оқуға түсе алмадық, қазір жұмыс істеп жүрміз. Әскер қатарына барып, Отанымызды қорғағымыз келеді» деп өтірік айтуға мәжбүр болдық.

– Сендердей нағыз патриот жастарды бірінші рет көріп тұрмын, – деді әскери комиссариаттың қызметкері бізге риза кейіппен. – Бірақ, оған ата-аналарыңның рұқсаты керек, тәртіп солай, жігіттер.

Салымыз суға кеткендей, көңілсіз ораддық. Бұл жолы да Ринат басының мықты жұмыс істейтіндігін тағы да дәлелдеп берді.

– Саспаңдар, – деді Ринат дауысы сенімді шығып. – «Қалауын тапса – қар жанар» деген. Кейбіреулер пара беріп әскерден қалады, ал біз пара беріп, әскерге атқарып жаттық. Ринат химия әскери тобында болса, Самат екеуміз артиллеристпіз. Екі айдай дайындықтан өтіп, әскери өмірге бейімделген соң, айына бірекі рет қалаға бес-алты сағатқа шығуға рұқсат бере бастады. Солдат ағайындар оны увольнительное деп атайды. Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүріп, әскери борышыңды дұрыс атқармасаң, қалаға шығып бой жазуды тек түсіңде көресің. Демалыс күндері көзің бозарып, солдаттар асханасында картоп тазалайсың, не болмаса әжетхананың еденін жуып жүресің.

Солдат шинелін кигенімізге үшінші ай болғанда, үшеуміз де командирдің «мейіріміне» ие болып, Киевтің орталығы – Крещатикте бас қостық. Көптен бері бірбірімізді көрмегендіктен, сағынып қалыптық. Тай-құлындай шұрқырасып жатырмыз.

– «Голова спелый» қалай? Ептеп орысша үйренейін дедің бе? – дейді Ринат Саматты құшақтап.

– Орысшаның түбін түсіремін ғой, – дейді Самат ыржиып, – жақында рота бойынша кезекші болдым. Солдат біткен түскі асқа кеткен болатын. Ойламаған жерден казарма ішіне полк командирі кіріп келді.

– Рота, смирно! – дедім бойымды тік ұстап.

– Вольно!

Мұндай жағдайда өздерің де жақсы білесіңдер, ротаның қайда екендігін қысқа баяндау керек.

– Тобәріш, командир! Рота пошел кушат. Сам дневолный, сам дежурный Тайлақбаев, – дедім өзімше сымдай тартылып.– Шылдыр-бүлдір тілім, солдат формасы әлі жараса қоймаған олпы-солпы түріме қараған подполковниктің суық жүзі сәл жылып, жымиғандай болды.

– Молодец, солдат! – деді полк командирі. – Ты откуда?

– Қазақстан! Алматы!

– Как служба, казахский батыр?

– Карошо, табәріш, командир. Жәлібі нет.

Полк командирінің жылы қабақ танытқанына өзімше мәз болып, ауылдағы Әбдірәш көкемді көргендей тым еркінсіп кеткенімді өзім де байқамай қалдым.

– Спасибо, тәбәріш командир. Тепер можно закурит?

Басқа біреу болса шектен шыққаным үшін ең құрығанда бір апта бойы әжетхана тазалатқан болар еді.

– Казахский батыр, я не курю, тебе тоже не советую курить, – деп тысқа бет алды.

– Әскерге бірге келген қуақы тілді солдат полк командирімен темекі тартпақшы болғанымды естіп қойып, бүкіл ротаға таратып жіберді.

Саматтың бұл әңгімесіне Ринат екеуміз ішегіміз қатқанша күлдік.

– Ой, «Голова спелый», сенен бәрі шығады. Қожанасырдың өзі саған ілесе алмайтын шығар, – дейді Ринат мәз болып. – Қатырасың, бауырым!

– Орыс тілін шатып-бұтып білгенім басыма пәле болды. Дәркеш екеуің «Голова спелый» деп мазақтайсыңдар, казармадағылар мені «Обед спелый» деп келеке етеді, – дейді Самат жас балаша бұртиып.

– «Обед спелыйың» не тағы? – дедім Саматқа жақындай түсіп.

– Осыдан екі апта бұрын аяқ асты электр жарығы өшіп қалып, түскі ас біраз уақытқа кешікті, – деді Самат екі көзі жыпылықтап. – Бір «дед» мені шақырып алып, түскі астың дайындығы туралы біліп келуге жұмсады. Жүгіріп отырып, тамақтың піскенін білдім де, қайтадан казармаға бет алдым.

– Тәбәріш дед, обед спелый, – дедім үлкен жауынгерлік тапсырманы орындағандай мәз болып, – кушат идите.

Тамақтың піскені рас қой, енді басқаша қалай айтуым керек? Алғашқы сөзім біртүрлі естілгенімен, түскі астың дайын болғанын түсінген жауынгерлер: «Обед спелый» деп қатарға тұра бастады. Сол күннен бері олар мені қатардағы жауынгер Самат Тайлақбаев демейді, «Обед спелый» деп атайды.

Аузын ашса, көмекейі көрінетін аңғал да, аңқау Саматқа қарап, мырс-мырс күлдік.

– Данышпандар, – деді Ринат, – бүгін біраз күліп алдық, қалғанын кейінге қалдыра тұрайық. Өздерің де білесіңдер, менің ақылымның асып тұрғаны шамалы, бірақ, сендерге бір ақыл айтайын. Ата-аналарымызға бүгіннен қалдырмай хат жазып, аман-есен, тірі жүргенімізді білдірейік. Біз жүрміз «Обед спелый» деп, олар бізді аласұрып іздеп, шарқ ұрып жүрген болар.

«Әкесі өлгенді де естіртеді» демей ме, атам қазақ. Болары болды, бояуы сіңді. Болған жайды қашанғы жасырып, қашып жүреміз? Бар шындықты айтқан жөн. Басқа – басқа, жақын адамдарымыз бізді түсінеді, кешіреді. Мұны – бір деп қойыңдар. Әскерде «Солдат спит, служба идет» деген сөз бар. Бұл сөздің бізге мүлдем қатысы жоқ. Бауыржан Момышұлының: «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген қанатты сөзін менен де жақсы білесіңдер. Отан алдындағы борышты адал атқарумен бірге патриоттық, әскери дайындықты арттыруға өз үлесімізді қосайық.

Самат, орысшаға шорқақтау болсаң да, спортты шыр айналдырасың. Еркін күрестен шеберлікке кандидат деген атағың бар. Саған әскери бөлімдердің арасындағы жарыстарға қатысып, неге топ жармасқа? Дәркеш, екеумізге қарағанда орыс тілінде тәп-тәуір жазасың. Киев округтік әскери газетіне хабар-ошар, мақала жаз. Мен де қарап қалмаспын, бірдеңе ұйымдастырамын. Жауынгерлік міндетімізді мінсіз атқара отырып, басқа да жақтардан өзімізді жақсы көрсете білсек, үшеумізге де жақсы мінездеме беріледі. Құдай қаласа, оның пайдасын көреміз.

Қалай мойындамайсың? Ринат алыстан ойлай білетіндігін тағы да дәлелдеп берді.

– Ринат, – деді Самат әзілдей сөйлеп, – Дәркеш екеуміздің командіріміз сенсің. Бұйрығыңды бұлжытпай орындаймыз.

Шіркін, уақыт топ жаратын бәйге сәйгүлігінен де жүйрік қой. Екі жыл өте шығып, елге қайтатын мезгіл де келді. Үшеуміз Киевтің Борисполь әуежайында кездестік. Сағынған Алматымыз бізді таңертең ғана жауған кіршіксіз ақ қармен қарсы алды, оны үшеуміз де жақсы ырымға баладық. «Жетісу» қонақ үйіне орналасып, таңертең Темірязев көшесіне көшіп кеткен КазГУ-ге барып, ректордың қабылдауына жазылып, кезегімізді күтіп отырғанда, осыдан екі жыл бұрын бізді кабинетінен қуып шыққан бұрынғы деканымыз кіріп келе жатты. Жақсы болсын, жаман болсын ұстазымыз ғой, орнымыздан тұрып сәлем бердік.

– О, батырлар, келіп қалдыңдар ма? Аткөліктерің аман-есен бе? – деді ол қалбалақтап. – Жүріңдер, деканатқа барайық. Курстастарың сендерді көріп, бір қуанып қалсын.

– Аға, – деді Ринат салмақты сөйлесуге тырысып, – әрине, ұл-қыздармен кездесіп, амандығымызды білдіреміз. Бірақ, біз дәл қазір ректордың қабылдауын күтіп отырмыз. Бізді ертеңгі болашағымыз алаңдатады.

– Үлкен кісіге кірмесеңдер де болады. Осыдан екі апта бұрын ғана сендерді оқуға қайта қабылдау туралы ректораттың бұйрығы шықты.

– Қалайша!?

Ринат, Самат үшеуміздің дауысымыз қатар шығып, орнымыздан атып-атып тұрдық.

– Ол үлкен әңгіме. Мұнда адамдар тым көп екен. Қарсы болмасаңдар, бос тұрған аудиторияның біріне барып сөйлесейік.

– Шырақтарым, – деді белгілі профессор орындыққа жайғасып жатып, – маған қатты ренжулі екендеріңді білемін. Сонда сендерге құлақ аспай, босқа шырылдатқаныма осы күнге дейін қатты өкінемін. Жалған сөз, әділетсіздік кейде шындықты өлтіріп тынады. Иә, ақиқаттың жолы ауыр. Біздің көзімізді ашқан, кеш болса да шындықты мойындатқан баяғы өздерің қорғайтын үш қыз. Әділдіктің жолынан таймайтын нағыз қайсар қыздар болып шықты. Айналайындар, екі жылға жуық ізденіп, бастарын тауға да, тасқа да соғып, сендерді ақтап шыққан солар.

– Көкетайларым-ай! Сендерді туған аналарыңа рахмет! – деді Ринат толқи үн қатып. – Аға, айтқаныңыз дұрыс, шындықтың жолы өте ауыр. Бірақ, кеш болса да ақтың қараны жеңіп шыққаны қандай жақсы!

Профессор және үшеуміз лифтімен төмен түсіп, журналистика факультетіне бет алдық...

АКАДЕМИК Ә.ҚУАТБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕСІ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Заманауи жоғары білім беру жүйесінде университеттің бәсекеге қабілеттілігі тек қана оқу процесінің сапасымен емес, ең алдымен оның ғылыми-зерттеу әлеуетімен және инновациялық жаңалықтарды өндіріске енгізу қабілетімен айқындалады. Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті 2025 жылы осы стратегиялық миссияны орындау жолында жаңа белестерді бағындырып, өңірлік ғылыми-инновациялық хаб ретіндегі мәртебесін бекітті. Университеттің 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес, білім мен ғылымның терең интеграциясы, іргелі зерттеулерді коммерцияландыру және халықаралық ғылыми кеңістікке толыққанды ену жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Осы орайда, есептік кезеңдегі жетістіктердің университетіміздің 25 жылдық мерейлі датасымен үндес келуі ғалымдарымыз бен жас зерттеушілеріміздің шығармашылық құлшынысына ерекше серпін бергенін атап өткен жөн. Рейтингтік индикативтік көрсеткіштердің тарихи жоғары нәтижелерге қол жеткізуі, атап айтқанда, Scopus және Web of Science халықаралық базаларындағы мақалалар санының 34-ке (оның ішінде Q1 және Q2 деңгейіндегі журналдар үлесі басым), патенттер мен авторлық куәліктердің 28-ге, ал ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұрынғы ВАК) ұсынған журналдардағы жарияланымдардың 49-ға жетуі – университет менеджментінің академиялық көшбасшылыққа негізделген салиқалы саясатының айқын жемісі.





Ғылыми инфрақұрылымның жаңа деңгейге көтерілуіне университет президенті Нұрлан Әбдімұсаұлы мен ректорымыз Рабиға Әбдімұсақызының ғылымға деген ерекше қамқорлығы негіз болды. Өңірлік жоғары оқу орындарының арасында теңдесі жоқ, тек қана ғылымға арналған үш қабатты заманауи жеке жабдықталған ғимараттың пайдалануға берілуі және оның базасында «NEXT-STEP» ғылыми-техникалық зертханасының жұмыс істеуі – ғалымдар үшін үлкен мүмкіндік. Бұл кешен инновациялық жобаларды сынақтан өткізуге, прототиптер жасауға және қолданбалы зерттеулер жүргізуге бағытталған соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен толық қамтылған.

Мемлекеттік гранттық қаржыландыру саласындағы жетістіктер университеттің ғылыми бәсекеге қабілеттілігін тағы бір мәрте растады. «Химиялық технологиялар және биология» кафедрасының ғалымдары ҚР ҒЖБМ тарапынан қаржыландырылған AP23490421 жобасы бойынша 94,5 млн теңге көлеміндегі грантты жеңіп алып, «Күкірт қышқылын өндіруде пайдаланылған ванадий бар катализаторларды кешенді қайта өңдеу технологиясын әзірлеу» тақырыбында ауқымды зерттеулер жүргізуде. Бұл жобаның маңыздылығы сол, өндірісте жыл сайын жинақталатын 300 тонна қауіпті қалдықтардан ванадий, никель, мырыш және мыс сияқты бағалы металдарды бөліп алудың инновациялық тәсілдері ұсынылды. Бұл тек экологиялық мәселені шешіп қана қоймай, импортты алмастыратын отандық катализаторлар өндірісіне негіз болады. Сонымен қатар, ғылымды коммерцияландыру бағытында профессор Ж.У. Махмудовтың жетекшілігімен жүзеге асырылған топырақ құнарлылығын арттыру жобасы нақты экономикалық тиімділігін көрсетті. MERS және BIOBARS микротыңайтқыштары Қазақстаннан бөлек, Ресей мен Орталық Азия нарықтарында сұранысқа ие болып, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін 60-70%-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді. «Ғылым қоры» АҚ арқылы 115 млн және 300 млн теңгелік коммерцияландыру жобаларының іске қосылуы және Израиль мемлекеті ғалымдарының бұл технологияға қызығушылық танытуы – біздің ғалымдардың әлемдік деңгейдегі мойындалуының дәлелі.

Кафедралардың ғылыми бағыттары өңірдің әлеуметтік-экономикалық сұраныстарына толық бейімделген. «Информатика және математика» кафедрасы климаттың өзгеруін математикалық модельдеу бағытында 6,2 млн теңгелік зерттеулер жүргізсе, «Филология» кафедрасы латын графикасы негізіндегі түсіндірме сөздіктерді әзірлеуге бағытталған 58,6 млн теңгелік ірі жобаны атқаруда. «Тарих, құқық және бизнес» кафедрасы медиация институтын қалыптастыру, адамның жеке кеңістігін заңнамалық қорғау және кәсіпкерлік тиімділігін арттыру бойынша шаруашылық келісімшарттар негізінде 15 млн теңгеден астам сомаға зерттеулер орындады. Ал «Құрылыс, сәулет және дизайн» кафедрасы Түлкібас ауданын көгалдандырудың ғылыми негізделген цифрлық карталарын жасау үшін 33 млн теңгелік жобаны сәтті аяқтады. Бұл зерттеулердің барлығы тек теориялық сипатта емес, нақты тәжірибелік қолданысқа ие болуымен құнды. Оқытушылардың жарияланым белсенділігі де жоғары деңгейде: Q1 және Q2 деңгейіндегі халықаралық журналдарда (процентилі 78%-ға дейін) 35 мақаланың жарық көруі – университеттегі ғылыми сапаның халықаралық стандарттарға сәйкестігін айғақтайды. Зияткерлік меншік объектілерін қорғау бойынша 28 патент пен авторлық куәліктің алынуы ғалымдардың өнертапқыштық қабілетінің жоғары екенін көрсетеді.

Университетте жастарды ғылымға баулудың және студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстарын (СҒЗЖ) қолдаудың кешенді жүйесі жолға қойылған. 2024-2025 оқу жылында ұйымдастырылған СҒЗЖ конкурсына 50-ге жуық студент қатысып, олардың арасынан іріктелген 13 үздік жоба республикалық байқауға жолданды. Нәтижесінде 3 студентіміз ҚР ҒЖБМ дипломымен (III орын), тағы 3 студентіміз базалық жоғары оқу орындары ректорларының алғыс хаттарымен марапатталды. Ерекше мақтанышпен айтатын жетістік – 2026 жылғы 7–8 ақпанда Астана қаласында өткен Fibonacci Robot Olympiad чемпионатында біздің студенттеріміз Омар Нұрбек, Жидебаева Азиза және Мамиков Сатмурза жетекшілігімен робототехникадан жоғары нәтиже көрсетіп, Түркия еліне жолдама жеңіп алды. Бұл – университеттің техникалық мамандықтар бойынша білім беру сапасының және «NEXT-STEP» орталығындағы практикалық дайындықтың жемісі. Сонымен қатар, «Жасанды интеллект дизайн көмекшісі» және «SMART ходунок» сияқты студенттік стартап жобалар бүгінде коммерциялық қолдауға ие болып, жас ғалымдар үйірмелерінің жұмысы (үлес салмағы 45,5%) болашақ ғылыми кадрларды даярлаудың негізгі мектебіне айналды.

2025 жыл – халықаралық ғылыми интеграцияның ерекше жылы болды. Университет базасында 5 халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізілді. Олардың қатарында 1 ақпанда өткен университеттің 25 жылдық мерейтойына арналған [UN] CONFERENCE форматындағы басқосуды, 22 сәуірдегі Академик Е.Бөкетовтің 100 жылдығына арналған студенттердің халықаралық конференциясын ерекше атауға болады. Сондай-ақ, жасанды интеллект пен сандық технологияларды филологияда пайдалану мәселелеріне арналған конференция (24 қараша), Ә.Шілтерхановтың 100 жылдығына (12 желтоқсан) және Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Толық адам» ілімі бойынша ғылыми жиындар ғылым мен руханияттың сабақтастығын нығайтты. Мерейтой аясында Польша, Түркия, Өзбекстан және Қырғызстанның жетекші университеттерінің ректорлары қатысып, ғылыми ынтымақтастық пен академиялық ұтқырлық туралы маңызды меморандумдарға қол қойылды.

2026 жылға арналған ҒЗЖ жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы №248 қаулысымен бекітілген 2023-2029 жылдарға арналған ғылымды дамыту тұжырымдамасына толық сәйкестендірілген. Алдағы кезеңде ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу белсенділігін арттыру, ҰМҒТСО-ға ҒЗТЖК жұмыстарын уақтылы тіркеу және есептерін тапсыру, халықаралық базалардағы мақалалар санын көбейту басты назарда болады. 2026 жылы университетте профессор М.Р.Туртаевтың 70 жылдығына арналған «Цифрлы экономика дәуіріндегі жасанды интеллект: мүмкіндіктері мен сын-қатерлері» атты халықаралық конференция, сондай-ақ магистранттардың Термез мемлекеттік университетінде (Өзбекстан) ғылыми тағылымдамадан өтуі жоспарланған. Erasmus+ бағдарламасына қосылу және Польшаның Ксалчен заводового жоғары мектебімен бірлескен конференция ұйымдастыру университеттің халықаралық беделін одан ары арттыра түспек. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсының I кезеңін ұйымдастыру, «Қуатбеков оқулары-2026» конференциясы мен «Цифрлық ғылым – 2026» жас ғалымдар байқауын өткізу арқылы университет ғылыми белсенділікті жаңа белеске шығаруды көздейді.

Инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Ғылыми кеңестің шешімімен факультет декандары мен кафедра меңгерушілерінің ғылымдағы жауапкершілігіне ерекше басымдық берілді. 2026 жылдан бастап факультеттердің ҒЗЖ бойынша есептерін Ректорат жоспарында тыңдау міндеттелді. Оқытушылардың жеке жоспарларында ҒЗЖ парақшасына тиісті басшылардың қол қоюы енгізіліп, мониторинг жүйесі күшейтілді. Әсіресе, РЭТ, Құрылыс, дизайн және сәулет кафедраларының Scopus және ВАК журналдарындағы көрсеткіштерін қолға алу, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП талаптарына сәйкес өнертапқыштық индикаторы бойынша авторлық құқықтарды тіркеу жұмыстары кафедра меңгерушілеріне тікелей тапсырылды. Магистранттар мен докоранттардың зерттеу жұмыстарының сапасын бақылау үшін ҒТК аясында тұрақты «Ғылыми семинарлар» өткізу жолға қойылды. Осының барлығы университеттің 26 жылдық тарихындағы материалдық және ғылыми әлеуеттің қарқынды дамуына кепіл болады. Ғылым мен инновациядағы бұл серпіліс бізді қанағатты сенімділікпен алға жетелейді және университетімізді жаһандық бәсекеге қабілетті инновациялық зерттеу университетіне айналдыратыны сөзсіз.

М. Д. МАМАДИЯРОВ,
академик Ә.Қуатбеков атындағы ХДУ, «Ғылым» бөлімінің бастығы, география ғылымдарының кандидаты, доцент.

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70, +7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 726

ЕРЖАН УӘЙІС – ТҮРКИЯДАҒЫ АРНАУЛЫ ТІЛШІМІЗ

Ержан Уәйіс республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық «Әділет. Рухани жаңғыру» газетінің Түркиядағы арнаулы тілшісі қызметіне кірісті.



Ержан Үбәйдаұлы Уәйіс – елімізде ғана емес шетелдерде де кеңінен танымал журналист. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданында дүниеге келген. Маяқұм елді мекеніндегі орта мектепті алтын медальмен және С.М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетін (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) журналист мамандығы бойынша бітірген.

Журналист – дипломат. Еңбек жолын Алматы қаласында Республикалық Қазақ телевизиясында режиссердің көмекшісі қызметінен бастаған. 1969 жылдан 1992 жылға дейін «Қазақстан» ақпараттық бағдарламасында тілші, редактор, диктор, экономика шолушысы, Үкімет пен Парламенттегі арнаулы тілші, саяси шолушысы, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарған.

Мәскеу қаласындағы КСРО Мемлекеттік Телерадио комитетінің жанындағы білімін жетілдіру жоғарғы курсында және Қазақстан сыртқы істер министрлігінің арнайы дипломатиялық білімін жетілдіру жоғарғы курсында оқыған.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң шетелде аккредитацияға тіркелген тұңғыш қазақ журналисі, Қазақстан телевизиясы мен радиосының Түркия Республикасындағы тұңғыш тұрақты арнаулы тілшісі болды.

1992-1993 жылдары Стамбул қаласындағы республикалық «Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Түркістан» газеттері мен ҚазТАГ агенттігінің, Германиядағы «Азаттық» радиосының Түркиядағы тұрақты тілшісі қызметін қоса атқарды.

1993 - 1999 жылдары Түрік республикасындағы Қазақ елшілігінде дипломатиялық қызметте болып, Стамбул қаласында Қазақстанның тұңғыш Бас консулы қызметтерін атқарды, екі ел арасындағы әріптестік, туыстық қарым-қатынастың қалыптасуына айырықша қызмет етіп, достық көпірінің негізін қалауға үлесін қосты. Дипломатиялық ерекше шендері бар. «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері», «ҚР мәдениет қайраткері», Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Журналистер Одағы сыйлығының иегері. Қазақстан Республикасы Президентінің 5 желтоқсан 2008 жылғы Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Құрметті профессоры. «Хорасан Ата» республикалық қоғамдық қорының президенті.

Жаңақорған ауданының құрметті азаматы.

Бүгінде Ыстанбұлда тұрады. Дүниежүзі Қазақтар қауымдастығының Түркиядағы өкілі, "ТҮРКСОЙ" халықаралық ұйымының Бас кеңесшісі, Қазақстан мәдениет және сауда орталығының басшысы қызметтерін атқарады.

СПОРТЫ ДАМЫҒАН ЕЛ КҮШТІ ДЕ ІРГЕЛІ БОЛАДЫ

Ыстанбұл шаһарында атақты түрік боксшысы Ахмет Жомарт құрметінде 34-ші халықаралық бокс сайысы өз мәресіне жетті. Ахмет Жомарт Түркия боксының дамуына айырықша үлес қосқан көрнекті спорт қайраткері әрі бокс жанашыры. Ол Түркиядағы әуесқой бокстың қалыптасуына, халықаралық деңгейде танылуына үлкен үлес қосқан тұлға. Ұзақ жылдар бойы Türkiye Boks Federasyonu құрамында жетекшілік қызметтер атқарған, федерация президенті болған.



Жыл сайын Бокс федерациясы президенті Ахмет Жомарт құрметіне "Ahmet Cömert Uluslararası Boks Turnuvası" атты халықаралық турнир өткізіліп келеді. Ыстанбұлдағы Ahmet Cömert Spor Salonu оның есімімен аталып, көптеген спорт жарыстарының орталығына айналған.

Ыстанбұлдың Бағжылар ауданында спорт сарайында өткізілген халықаралық жарысқа әлемнің 14 мемлекетінен жүзден астам боксшы қатысты. Түркия, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Сербия, Украина және т.б. елдерден мықты жігіттер мен қыздар додаға түсті. Халықаралық бокс федерациясының президенті Борис Ван дер Ворс, Türkiye Boks Federasyonu басшысы Суат Хекимлиоглу құттықтау сөз сөйледі. Бокстан 2005 жылғы Әлем чемпионы Ердос Жаңабергеннің жетекшілігінде шамамен жиырмаға жуық боксшы жарысқа қатысты. «Turan Promotion» ұйымының негізін қалаушы, сондай-ақ Қазақстан U19 құрамасының бас жаттықтырушысы Қанат Ислам телеконференция арқылы командамен байланысқа шығып, спортшылар мен жаттықтырушыларға қолдау білдіріп, сәттілік тіледі.



Турнир өте тартысты өтті. Қазақстандық спортшылардың мерейі үстем болды. Қыздар арасында Әсем Таңатар (65), ұлдар арасында Өнер Сейілхан (80), Аян Қалмаханбетов (85) алтыннан алқа тақты. Күміс медальды Саят Ильясов (65), қоланы Бақытжан Айтмұхан, Гүлназ Бөрібаева, Әсел Тоқсасын (80), Салауат Тілекбай (90) жеңіп алды.

Федерация басшылары Борис Ван дер Ворс, Суат Хекимлиоглу, бапкерлер Нозим Далкыран, Гекхан Казаз, Ыстанбұлдың алғашқы Қазақ консулы Ержан Уәйіс, боксшы Бирол Топуз, атақты спикер Бильгехан Демир жеңімпаздарға медальдарын табыстады.

Марапаттан соң Türkiye Boks Federasyonu басшысы Суат Хекимлиоглу «Turan Promotion» ұйымының Ыстанбұлдағы жетекшісі Өмер Тәйжі мен Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының Түркиядағы өкілі Ержан Уәйісті қабылдады. Белгілі қазақ кәсіпкері Өмер Мансұрұлы атақты боксшы, әлем чемпионы Қанат Исламның сәлем жеткізіп, Түркия бокс федерациясымен Қанат Ислам басшылығында «Turan Promotion» ұйымының арасында бокс спортын әрі дамытуға келісім шарт жасасып, қол қойды.

Кездесу барысында Қазақстанда Алматы облысы Лепсі өңірінде кәсіпкер Бауыржан Оспанов ашқан жаңа заманауи спорт кешені туралы мәлімет берді. Сондай-ақ бұл кешенді түрік боксшылары үшін оқужаттығу жиындарын өткізу базасы ретінде пайдалану мүмкіндігі талқыланып, екі ел спортшылары арасында тәжірибе алмасу мәселелері қарастырылды.

Қанат Исламның алғыс хатын қоғам белсендісі Өмер Тәйжі Қазақстан құрамасының жетекшісі Елдос Жаңабергеновге тапсырды.

Осылайша Түркия төрінде Қазақстанның көк туы бірнеше мәрте көтеріліп, әнұранымыз орындалды. Әрине, алтыннан алқа таққан қазақтың ұл-қыздары ерекше құрметке ие болды. Иә, спорты дамыған ел күшті де іргелі болады. Ендеше Қазақстан мен Түркия арасында спорт саласы дами берсін!

Ержан УӘЙІС,
«Әділеттің» Түркиядағы арнаулы тілшісі
Ыстанбұл



ЖИ-ДІҢ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЕРЕКШЕ ОРНЫ

Ағымдағы жылдың 8 сәуірінде Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-да дәстүрлі Ғылым онкүндігі аясында Журналистика және медиаөнер кафедрасы ұйымдастыруымен «Qazcontent» seo-маманы, IT маман Аршат Ораз ЖИ-дің мүмкіндіктерін үйретуге бағытталған республикалық «DigiMind: Білім беру» атты шеберлік сынынын өткізді.

«Qazcontent» акционерлік қоғамы 2009 жылы ұлттық контент пен қазақ интернет сегментін дамыту мақсатында құрылған. Компанияның басты мақсаты – мемлекеттік интернет-ресурстарды дамыту арқылы қазақстандықтардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бүгінде акционерлік қоғамда жалпы 5 сайт бар. Олар: baq.kz, el.kz атты жаңалықтар сайттары, adebiportal.kz және e-history.kz тақырыптық сайттары мен ҚР Премьер-Министрінің ресми сайты.

Спикеріміз Аршат Ораз «Qazcontent» акционерлік қоғамында seo-маманы қызметін атқарады. SEO-маман – веб-сайттарды Google және Яндекс сияқты іздеу жүйелерінде жоғары позицияларға (ТОП-10) шығарып, органикалық трафикті (тегін келушілерді) арттырумен айналысатын кәсіпқой. Оған қоса, Аршат блогер, Texter.kz блог-платформасының құрушысы әрі қоғам белсендісі.

Шеберлік сағатында спикер ChatGPT, Gemini, gamma.app сияқты ЖИ платформаларын оқу мен журналистикада қалай тиімді пайдалануға болатынын көрсетіп, студенттерге ЖИ мүмкіндіктерін үйретіп ғана қоймай, оқытушылар мен білім алушылардың сұрақтарына жауап берді.

Шараны журналистика және медиаөнер кафедрасының меңгерушісі, PhD Амангелді Шурентаев кіріспе сөзбен ашып, университеттің ғылым онкүндігіндегі бұл да бір айтулы шаралар қатарынан көрінетіндігіне сенім білдірді. Сондай-ақ сөз кезегінде профессор Мұратбек Тоқтағазин журналистика саласына жасанды интеллект жаппай ене бастаған шақта білім алушылардың промтты сәтті, мазмұнды, нақты жаза білуінің маңызы зор екендігіне тоқталып, әріптесі – кафедраның аға оқытушысы, PhD Саягүл Әлімбекованың бастамасымен ұйымдастырылған бұл шараның студенттерге берері мол болатындығын атап көрсетті. Шара барысында ол шынымен солай болып, білім алушылар кәсіби маманның заманауи тұжырымдары мен берген практикалық біліміне ризашылықтарын білдірді.

Еске сала кетсек, осыдан 2 жыл бұрын университетіміз «Qazcontent» АҚ өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Ынтымақтастық «Баспасөз және баспа ісі» кафедрасының филиалын ашуға және болашақ БАҚ мамандарының кәсіби дағдыларын дамыту үшін дуалды білім беруді кеңейтуге бағытталған.

Таңшолпан АМАНТАЙ,
ЕҰУ Журналистика және әлеуметтік ғылымдар Жоғары мектебінің студенті

АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕКТЕН – ҚҰРМЕТТІ ЗЕЙНЕТКЕ

Құрметті әріптесіміз Токлаев Ислам Исмиханұлын абыройлы еңбектен кейін құрметті зейнеткерлікке шығуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Токлаев Ислам Исмиханұлы 1963 жылғы 12 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Ленгер қаласында дүниеге келген. Білімі – жоғары. 1981 жылы Ленинград қаржы-экономикалық институтын «экономист» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2000 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық комитетінің әкімшілендіру бөлімінің бас маманы ретінде бастаған. Содан бері Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында, салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы лауазымында абыроймен қызмет атқарып келді. Жалпы еңбек өтілі – 37 жыл, оның ішінде салық саласында – 25 жыл.

Қызмет барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын, еңбек тәртібінің сақталуын қатаң бақылауда ұстап, салық саласындағы өзгерістер мен толықтыруларды салық төлеушілерге тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырды. Жоғары тұрған органдар мен басшылықтың тапсырмаларын уақытылы әрі сапалы орындап, жауапкершіліктің жоғары үлгісін көрсетті.

Өзінің кәсіби біліктілігі мен іскерлігінің арқасында бюджеттің кіріс бөлігінің тұрақты өсуіне, жоспарлардың сапалы орындалуына, артық төлемдер мен берешек көлемін азайтуға елеулі үлес қосты.



Әрдайым кәсіби дамуға ұмтылып, ұжым арасында беделді маман ретінде танылды, өз тәжірибесімен әріптестерімен бөлісіп отырды.

2024 жылы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетіне 10 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен марапатталған.

Қадірлі әріптесіміз, Сізді 63 жас мерейтойыңызбен және құрметті зейнеткерлікке шығуыңызбен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық тілейміз! Әр күніңіз шаттыққа толы болып, денсаулығыңыз мықты болсын!

Ізгі тілекпен,
Шымкент қаласы Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының ұжымы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 109-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылы мәжбүрлеу тәртібімен таратылатын салық төлеушілердің бастапқы тізімін (кредиторлардың және (немесе) субъект мәжбүрлі түрде таратылатын (есептік тіркеуден шығарылған, қызметін тоқтатқан) жағдайда құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын өзге де тұлғалардың өтініштерін (наразылықтарын) қабылдау үшін интернет-ресурсында келесі сілтеме бойынша жариялайды: https://shymkent.kgd.gov.kz/kk/content/kyzmeti-mzhburleu-trtibimen-toktatuga-zhatatyn-salyk-toleushilerdin-bastapky-tizimi-18.

Барлық сұрақтар бойынша Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 22 ғимаратта орналасқан Әл-Фараби ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына хабарласуды сұраймыз.